



Қоршаған ортаға қоғам түгел жауапты

3



Жаһандық білімге жол ашқан 100 оқулық

4



Шебер

5



Нәзік иірімдер әлемі

8



Сыр бойы



№165-166
(19843-19844)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

2 қараша /СЕНБІ / 2019 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

«Жанұя» орталығына барды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласында «Жанұя» отбасын қолдау институты орталығына барды. Елорданың отбасыларға «бір терезе» қағидаты бойынша заңгерлік, психологиялық, әлеуметтік қызмет көрсететін орталықтың жұмысымен танысты. Бұл жерде денсаулық сақтау, білім беру, кәсіпкерлік, атаулы әлеуметтік көмек алу және тұрғын үй бағдарламаларының орындалуы жайында кеңес алуға болады.

«Жанұя» орталығының бастамаларын жоғары бағалаған Мемлекет басшысы аталған мекеменің тәжірибесін еліміздің барлық аймақтарында іске асыру керек екенін айтты. Сонымен қатар Президент орталықтың базасында іске асып жатқан «Кәсіпкер ана» жобасының қатысушыларымен де әңгімелесті. – Біздің елімізде жұмыс істеп, жетістікке жеткісі келетін адам – оның жолын іздейді және табады. «Іздеген жетер мұратқа», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өндірістік компания өрісі

Қазақстан Президенті «Astana Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясына барды. Кәсіби тігін жабдықтарын құрастырумен әрі жеткізумен айналысатын, арнайы киімдер мен басқа да тұрмыстық және техникалық бұйымдар шығаратын мекеменің жұмысымен танысты.

Президент шығарылатын өнімдердің сапасы мен сұранысқа ие болуын оң бағалап, компанияның экспорттық әлеуетіне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мекеме қызметкерлерімен әңгімелесу барысында олардың еңбегін еліміз үшін маңызды екенін айтты. Сондай-ақ ол мемлекеттің халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына қолдау көрсететінін және осындай жандар үшін жұмыс орындарын ашатын мекемелерге әрқашан көмек беретінін атап өтті.

– Сіздердің фабрикаларыңызды үлкен қызғыштылықпен аралап шықтым. Шын мәнінде, бұл қажетті әрі озық өнім шығаратын және жақсы жабдықталған әлеуметтік-жауапты кәсіпорын. Ең бастысы, мұнда сіздер сияқты ісмер адамдар жұмыс істейді, – деді Президент.

Мекеме қызметкерлері фабрикаға келгені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, оның мемлекеттік қызметіне табыс тіледі. Жалпы мекемеде 460 адам жұмыс істейді, соның ішінде 45-і халықтың әлеуметтік әлсіз тобына жатады.

Бейбіт күннің батыры ұмытылмайды



Ажалдың айтып келмейтіні белгілі. Бірақ Жалағаш жерінде браконьердің соңына түскен қорықшының мерт болуы бейбіт күнде тыныштықты бұзған аңқұмарлардың заңсыз іс-әрекеті еді. Ресми дерекке сүйенсек. Қайғылы оқиға 25 қазан күні түнгі сағат төрт шамасында болған. Кезекті рейд уақытында «Охотзоопром» ОБ» РМҚК Қызылорда өңірлік филиалының инспекторлары өздеріне күдік тудырған «УАЗ» автокөлігін тоқтатпақшы болады. Алайда, қолға түсуден тайсақтаған сезікті топ түн қараңғысын пайдаланып, ізін суытуға тырысқан. Қылмыстыру қолдан суып кетпеу үшін қорықшылар ізіне індете түскенмен, жол апатына ұшыраған. Соның салдарынан бір қызметкер оқиға орнында көз жұмған еді.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев облысқа арнайы келіп, облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовпен бірге қызмет барысында қайтыс болған инспектор Әділ Кенжетұловтың үйіне барып, отбасына көңіл айтты. Сонымен бірге, «Достық үйінде» өткен арнайы шарала Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен ерлігі мен жан-қиярлығы үшін Әділдің отбасына ІІІ дәрежелі «Айбын» ордені табысталды. Оған ата-анасы, жары мен балалары, барлық әріптестері, достары қатысты.

– Жайқалған табиғаттағы тіршілікесі, қорғаныссыз жан-жануарлар қорғауда биылдың өзінде елімізде бірнеше қызметкер қаза тапты. Өкінішке орай, осындай кезекті рейдтік іс-шара барысында табиғатты қорғау саласының қызметкері Әділ Шарапатдинұлы бауырымыз қызметін өтеу кезінде заңсыз аңшылыққа шыққан азаматтарды ұстау барысында, бейбіт күнде апатқа ұшырап, мезгілсіз дүниелен өтті. Бейбіт күннің батырын біз еш уақытта ұмытпаймыз. Отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Еліміз деп еңбек еткен, әрбір ісіне жауапкершілікпен қараған азаматтарымызды үнемі жадымызда ұстаймыз. Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Елің сүйген жауынгер ер болады» демекші, сіздердің отбасыларыңызда көрегенді тәрбие алған Әділ Отанға, елімізге адал қызмет жасап, батырлық танытып, өзінің замандастарына, келер ұрпаққа өшпес өнеге көрсетті. Найзағайдай жарқ еткен өмірінде үлгілі отбасы ретінде елге таныла білді. Біз 29 қазандағы Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес ІІІ дәрежелі «Айбын» орденін табыстаймыз, – деді аймақ басшысы.

Жынында министр М.Мырзағалиев өз саласына адалдық танытып, өскелең ұрпаққа үлгі болған марқұм Әділдің нағыз табиғат жанашыры екенін айтты.



– Кезекті кезекшілік кезінде оңай олжа іздеушілердің ізіне түсіп, олардың қолға түсуіне әрекет жасауы – оның кәсібіне адалдығының көрінісі. Өкінішке қарай, Әділдің тұрмырдың қысқа болғанына сіздермен бірге күйзеліміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев браконьерлікпен күресті қатандату бойынша нақты тапсырмалар берді. Инспекторлардың қызмет барысында құзыретін кеңейту, әлеуметтік жағдайларын жақсарту және браконьерлерге қатысты қылмыстық жазаға күшейту бойынша бірқатар заңнамаға өзгертулер енгізіледі, – деп атап өтті Мағзұм Маратұлы. Шара соңында батыр қорықшының әкесі Шарапатдин осындай қайғыда бірге болған ел ағалары мен қалың көпшілікке өз ықыласын жеткізді. Марқұмның бала күнгі досы, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов табиғаттың нағыз қорғаушысы бола білген Әділдің жарқын есімі ұмытылмау үшін алдағы уақытта түрлі шаралар өткізуге ұсыныс білдірді.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Сыр елінің оперсүйер халқы!

Киелі Қорқыт топырағы қашаннан-ақ өнерге бай өлке. Алаштың анасы атанған Сыр елінен талай талантты тұлғалар түлеп ұшып, халқымыздың мәдениеті мен рухани болмысын әлемге танытуда.

Міне, енді Сыр өнерінің қара шаңырағы – Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры» ҚМҚК-на Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қазандағы №800 қаулысымен «Академиялық» мәртебесінің берілуі де сахна саңлақтарының сол тамаша үрдісімізді алға оздырған ақжолтай жетістігі. Мұның өзін барша Сыр өнері мен мәдениетіне берілген тағы бір жоғары баға деп білеміз.

Құрметті жерлестер! Баршаңызды Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының кәсіби мәртебе иеленуімен құттықтаймын!

Театр ұжымына, көркем бейнелер арқылы ұлт руханиятын шыңдап жүрген өнерпаздарға шығармашылық табыс, береке-бірлік тілеймін!

Облыс әкімі
Қ.ЫСҚАҚОВ.



БАСПАСӨЗ – 2020

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және баспасөз бөлімінде (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барлық қызмет көрсететінін еске саламыз.

ҚАБЫЛДАУ

Орынды ұсыныс ойластырусыз қалмайды

Кеше облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақов партия филиалында қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның талап-тілегі жіті назарға алынды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Бірінші болып Қорқыт ата атындағы ҚМУ оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Шан-жархан Бекмағамбетов тіл мәселесіне қатысты халықаралық конференция өткізуге ұсыныс жасады. Тіл жанашырының айтуынша, мұндай маңызды шара отандық және шетелдік ғалымдардың өзекті мәселе турасында орамды ой айтып, тың тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Бұл, сондай-ақ, жаңашылдыққа бастап, отандық ғылымның мәртебесін арттыруға да сеп. Бұл ретте Қуанышбек Досмайылулы орынды ұсыныстың елеусіз қалмайтынын жеткізді.

Келесі кезекте қала тұрғыны, II топтағы мүгедек Бакытбек Бекбасаров осыдан біршама уақыт

бұрын тиісті мекемеге өзі тұратын Н.Ергешбаев көшесі маңынан балалар футбол алаңын салу жөнінде өтініш білдіргенін айтты. Ол ескерусіз қалмапты. Алаң құрылысына қажетті қаражат бөлініп, тиісті жұмыс жүргізілген. Соның нәтижесінде жуырда шағын футбол алаңы пайдалануға берілмек. Енді балалар асыр-салып ойнап, бос уақытын тиімді өткізе алады. Дәл осы мәселемен Титов қыстағының тұрғыны Людмила Вершинина да келді. Айтуынша, көпқабатты тұрғын үй маңындағы ойын алаңдарының тозығы жетіп, ескірген. Мұның балалар үшін қауіпті екенін айтпаса да түсінікті. Осы орайда облыс әкімі қала әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұрдідиновке мәселенің мән-жайын анықтап, шешім табуын қадағалауды тапсырды.



Қабылдау кезінде Тасбөгет кентінің тұрғыны Мұрат Себеков екі мәселе көтерді. Ол ержүрек ұшқыш Хамит Қалиевтің ерлігі мен Қызылорда аэрофлотының негізін қалаған Мәдениет Душимовтің елеулі еңбегі жайлы сөз қозғап, оларға құрмет көрсету артық етпейтінін айтты. Облыс басшысы бұл пікірге қосылатынын және жауапты өкілдер ұсыныс бойынша жұмыс жасау қажеттігін мәлімдеді.

Қабылдауда Жалағаш аудандық мәслихат депутаты, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Кенжеғара

Сүлейменов «Скуре» жүйесі арқылы байланысқа шығып, аудандағы жалдамалы тұрғын үйлердің құрылысына қатысты сұрағын жолдады. Бұл ретте аймақ басшысы аудан бойынша қазір 283 адамның тұрғын үй кезегінде тұрғанын айтып, облыстық құрылыс, сәулет және жана



құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріковке баспана мәселесін шешудің тиімді тетіктерін қарастыруды тапсырды.

Сондай-ақ, қабылдауға келген «Арал балалары» қайырымдылық қорының директоры Құралай Исаева қазір аудандарда стандарттарды енгізу жолға қойылып, арнайы «Жол картасы» қабылданғанын баяндады. Бүгінде арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің сапасы мен нәтижелігіне мониторинг жүргізу, ведомстваралық іс-қимылды құру үшін білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларында қызметтерді интеграциялау процесі оңтайлы іске асырылуда.

Байқағанымыздай, қоғамдық қабылдаудың халық арасындағы ролі артып отыр. Себебі, бір күн ішінде бірнеше ұсыныс ортаға салынды. Тұрғындар толғандырған мәселелеріне тұшымды жауап ала алды.

Суретті түсірген
Б.ЕСЖАНОВ.

Департамент басшысын таныстырды

Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың төрағалық етуімен өткен білім саласы қызметкерлерінің жиыны негізінен ұйымдастыру мәселесіне арналды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Жиын басында облыс әкімінің орынбасары ҚР Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Қанат Сәрсембаевтың Қызылорда облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы етіп Галия Дәулетованы тағайындау туралы бұйрығын оқып беріп, жаңа басшының көпшілікке таныстырды. Бұдан кейін ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрайымы Гүлзат

Көбенова қатысушыларға жаңа өзгерістерге қатысты түсінік беріп өтті. Ол Ерлан Қарабалаевқа осыған дейін департамент басшылығында атқарған қызметі үшін рахмет айтып, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Департамент басшылығына келген Г.Дәулетова – Сыр өңірінің түлегі. Еңбек жолы білім саласымен тікелей байланысты. Оның ішінде жиырма жыл министрлікте еңбек еткен.

Г.Дәулетова департаменттің өзгерген миссиясына назар

аударды. Қазіргі кезде педагогтар мәртебесі туралы заң талқыланып жатыр. Жыл соңына дейін қабылданады деген болжам бар. Сонымен қатар 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылым саласын дамыту мемлекеттік бағдарламасы талқылануда. Комитет атауы Білім және ғылым саласындағы білімді қамтамасыз ету комитеті болып өзгерді.

– Енді тек бақылау жасап қана қоймаймыз, сонымен бірге білім сапасын көтеруге атсалысамыз. Сондықтан облыстық білім басқармасымен, аудандық білім бөлімдерімен, барлық білім беру ұйымдарымен бірге жұмыс жүргізетін боламыз, – деді Г.Дәулетова.

Соңғы жылдары еліміздегі мектептер саны 40%-ке көбейіп отыр. Оның ішінде жекеменшік білім беру ұйымдары жетерлік. Бірақ ата-аналар тарапынан осы мектептердің материалдық жағдайына да, оқушыларға тәрбие беру ісіне де қатысты шағымдар болып жатады. Сондықтан бұл тарапта да біраз жұмыс жүргізу керек. Оған қоса колледждерге қатысты талпаптар өзгереді. Сайып келгенде, мұның бәрі білім сапасын арттыру мақсатын көздейді деп сөзін түйіндеді министрлік өкілі.

Мұнан соң комитет төрайымы мен департамент басшысы облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың қабылдауында болды.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Мемлекеттік тіл – ұлт мерейі



Біздің мемлекетіміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап Елбасымыздың салмағы саясатының арқасында кемел келіп, жарқын болашақ орнатуды мұрат ете отырып, сындарлы өзгерістер мен талай тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Елдегі қалыптасқан саяси тұрақтылық пен ел бірлігі, елділімізді нығайту жолындағы еселеі еңбектері өз нәтижесін беріп, қазіргі бізге аз ғана уақыт ішінде жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан қалыптасты. Өйткені, мемлекетіміздің ұстанған саясаты мен алған бағыты, таңдаған жолы дұрыс әрі айқын болды.

Иә, расында Қазақстанның ел болып қалыптасуына күмәнмен қарағандар да болды. Алайда, әлем назарын өзіне аударған Қазақстан мемлекеті жыл өткен сайын қарқынды дами бастады, ел экономикасы өсіп-өркендеп, халқымыздың әл-ауқаты арты, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ендік. Біз осынау жылдар ішінде төл тарихымызды түгендеп, мәдени мұраларымыздың қатарын толықтырып, ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртып, ұлттық құндылықтарымызға мемлекеттік деңгейде мән беріле бастады. Қазақ халқының ғажайып тарихын әлемдік деңгейге паш ету мақсатында қаншама игі бастамалар іске асты. Қысқасы, өзінің ана тіліне, дініне, тарихына, салт-дәстүріне сүйіспеншілікпен және аса үлкен жауапкершілікпен қарай алатын ұрпақ тәрбиелеу жолында келешекке қош түзедек.

Осы орайда, мемлекеттік тіліміздің бүгінгі жай-күйіне, оның шыншайы болмысына, қоғам өміріндегі мәртебесіне кеңірек тоқталғанды жөн санадым. Өйткені мемлекеттік тілдің қолданылу аясы әлі де өз деңгейінде емес. Себебі, министрліктердің қатысуымен өтіп жатқан жиындар мен бұқаралық шаралардың көпшілігі орыс тілінде жүргізіліп келеді. Көрнекі ақпараттардағы мемлекеттік тілдің қолданылуы да заң талаптарына сай болмай отыр. Сонда қалай болғаны? 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» ҚР Заңының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп тайға таңба басқандай атап көрсетілген. Осы заң талаптары орындауға бізге не келерді? Ешкім келіп, «сен орысша сөйле» немесе «іс-қағаздарыңды орыс тілінде рәсімде» деп жағаса да, тоқсан қазақ қатысқан жанына бір орыс ұлтының өкілі қатыса басқару орыс тілінде өте бастайды.

Әсіресе, көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүргендей, министрлік өкілдері көп жағдайда үкімет жиындарында орыс тілінде хабарлама жасайды. Тіпті, бірде мынадай жағдай орын алды. Облыс орталығында біраз мекемелерді аттестациядан өткізетін болып, жұмыс тобының құрамына мәслихат депутаты ретінде мені де қосыпты. Содан аттестация басталып, оған қатысушылар түгелімен дерлік орысша жауап бере бастады. Себебі, жұмысшы тобының құрамына енген Нұр-Сұлтан қаласынан келген өкіл бірінші орыс тілінде сөйлейді екен, сұрақтарды да орысша қойып жатыр. Қарап отырсақ, жұмыс тобы мүшелері де, қатысушылар да түгел қазақ ұлтының өкілдеріміз, бірақ аттестация орыс тілінде өтіп жатыр. Көз алдыма өтіп жатқан осы жағдай менің жанымға қатты батты және елорда төрінен келген өкілге, «біз неге аттестацияны қазақша өткізбейміз, өзімізді өзіміз сыйламағанымыз ба сонда?» деп қатаңда ескерту жасадым, аттестациядан өтуші азаматтар да ұсынысымды қуана қуаттап қазақша жауап бере бастады.

Естеріңізде болса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қантардағы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде,

бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн!» – деген болатын. Міне, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін, оның қолданылу аясын кеңейту үшін бұдан артық қандай тапсырма керек?!

Осы бағытта қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарлама бар және мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражат та аз емес. Алайда, көріп отырғанымыздай, ана тіліміздің халі әлі де мүшкіл, оны солай етіп жатқан да өзіміз. Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамда ұлттық идеология, ұлттық тәрбие мейлінше ақап тұр деген сөз. «Тіл жойылған ұлттың өзі де жойылады», – деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, мемлекеттік тіл мәселесіне ешқашан бейжай қарауға болмайды. Сондықтан, біз ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық игіліктер мен аламы құндылықтар, тіл, дін, салт-дәстүр мен рухани-мәдени мұралар сабақтастығын жоғалтпауға тиіспіз. Ертенгі ел болашағының тізгінін ұстар ұрпақтарымызды да осы жолда тәрбиелеуіміз керек және бұл іске жалпы қоғам болып атсалысқанымыз абзал. Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру шаралары қолға алына бастағанда, Қызылорда облысы республикада бірінші болып мекемелерде іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізуге көшті. Жүргізілген мониторинг қорытындысы көрсеткендей, 2013 жылы мемлекеттік тілде шығысталған құжат айналымы 98,2%-ті құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 99%-ке, 2015 жылы 99,9%-ті құрады. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіштердің мүлдем басқаша болуы да немесе күрт төмендеп кетуі де ғажайп емес.

Басым көпшілігі қазақ ұлтының өкілдері тұратын біздің өңіріміздің өзінде тіл төңірегінде шешілмей тұрған мәселелер әлі қаншама. Кейбір мекемелердегі іс-қағаздардың әлі де ресми тілде жүргізілуі, көше бойларына, сауда орындарына ілінген көрнекі ақпараттардың заң талаптарына сай болмауы – осының айғағы. Еліміздің солтүстік өңірлеріндегі жағдай мүлдем сын көтермейді. Петропавл, Павлодар секілді қала атаулары мен кешегі кеңестік дәуірде берілген орысша көше атаулары қаншама жерде көтеріліп айтылып жүрсе де, бүгінге дейін өзгеріссіз қалып тұр. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі болғандықтан, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қазақ тілі кенінен қолданылуы тиіс және іс-қағаздарымыз да барынша қазақ тілінде жүргізілуі шарт. Себебі, қазіргі қолданыстағы ресми құжаттар тілі бір жүйеге түспей, яғни мемлекеттік ресми құжаттар қазақ тілінде жүргізілмей қазақ тілін қолданылу аясы кеңейеді дегенге сену қиын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев латын әліпбиіне қошу мәселесі бойынша сұхбатында: «Кез келген ұлттың әліпбиі таңдауы тек жазу үлгісін таңдау емес. Бүгінде Қазақстан халқы да замана көшінен қалмай, латын графигі-

касына негізделген әліпбиі таңдауға бел буып отыр. Көпшілік мемлекеттің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90%-і латын графикасында жарық көреді. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – Рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық өмір мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам. Елімізде қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиін пайдалана бастаған құрылымдар да бар. Латын әліпбиіне көшу кезеңінен жалғаса беруді» – деп атап өтті. Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім беру сапасын жақсарту, балаларымызға мектеп қабырғасынан кәсіби бағыт-бағдар беру, қала мен ауылды дамытудың берік негізі саналар шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан жан-жақты қаржылай қолдау көрсету, өз өнімін экспортқа шығаратын компанияларға мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігін қорынып арттыруды, сондай-ақ ең алдымен көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларға баса мән беруді, бизнеске қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізуді тапсырды. Мемлекет басшысы республика жұртшылығын көптен толғандырып жүрген жер мәселесіне де арнайы тоқталып өтті және жеріміздің шетелдіктерге сатылмайтындығын, оған мүлдем жол берілмейтінін қадап айтты. Мәдениет, денсаулық, құқық қорғау саласы, адамдардың құқықтары мен бостандықтары, ханандық сипаттағы қиындықтарға төтеп бере алатын Қазақстан экономикасын әртараптандыру секілді әлеуметтік салаларға ерекше назар аудару келе, халықтың көкейінде жүрген түйткіл мәселелерді шешу үшін Үкіметке нақты міндеттемелер жүктелді. Келер жылдан бастап ұстаздардың жалақысының 25 процентке өсіруді, мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейтуді тапсырды және осы жыл соңына дейін жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін баспана сатып алуға немесе білім алу үшін пайдалану мәселесін шешуді ұсынды. Басқа да көптеген әлеуметтік мәселелерді көтере келе: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынаста тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәрміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деді Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев. Сондай-ақ «ұштілділікке» де қатысты өзінің пікірінде: «Бірінші қазақ тілі. Өз тілін жарыптай жатып, ағылшынға асыққан дұрыс емес» – деп атап өтті. Міне, мұның бәрі тегіннен-тегін айтылып отырған жоқ, уақыт оздырмай ана тіліміздің абыройын асқарту үшін жасалуы тиіс маңызды қадамдар.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІІ сессиясы барысында Тұңғыш Президент, Ассамблея Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Ел тағдыры мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақтың ғана қолында болады! Кез келген мемлекеттің өзегі – оның бірегей мемлекеттік тілі. Бүгін мен қазақ тілін менгеріп, оқып жүргендерге шыншайы алғысымды білдіргім келеді. Өз балаларын Отанының мемлекеттік тілінде оқытып, қазақ тілін білуі үшін балабақшаларға беріп жатқан ата-аналарға да алғысым шексіз. Бұл біздің бірегей азаматтығымызды білдіреді. Қазақ тілінің дамуы тарихта осындай ауқымды қарқынмен жүргізілген емес», – деп мәлімдеді. Иә, Елбасымыз айтқандай, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде! Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз! Сондықтан оны қоғамның барлық саласында белсенді пайдалана алатындай деңгейде дамытуымыз қажет және осылай істеуімізді міндеттіміз. Мемлекеттік тіл үстемдік етуі тиіс және туған еліміздің мерейін үстем етіп, мәртебесін көтеру жолында барынша бірлесіп атсалысуға тиіспіз. Ана тіліміз сонда ғана Ата Заңымызда көрсетілген өзінің лайықты мәртебесіне ие бола алады. Олай болса, ұлттық құндылықтарымызды бірінші қатарда қорғау, қанымызға сінген қасиетті дәстүрлерімізді дәріптеп, Мәңгілік ел болу жолындағы ізгі мұраттарымызға жете берейік.

Жанкелді ЫСҚАКОВ,
облыстық мәслихат депутаты.

Аймақ имамдарының алқалы жиыны



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНДА ӨКІЛДІГІ
ІІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИМАМДАР ФОРУМЫНДА
ҚАБЫЛДАҒАН ҚҰЖАТТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ
СЫР ИМАМДАРЫНЫҢ
АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

«Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде ІІІ республикалық имамдар форумында қабылданған құжаттарға байланысты аймақ имамдарының алқалы жиыны өтті. Онда Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы қабылдаған «ҚМДБ құрылымындағы діни лауазымдар тізілімі және міндеттері», «Жеті рухани қазық» Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы, діни қызметкерлер атқаратын рәсімдер кенінен талқыланды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Нұр-Сұлтан қаласында жуырда ІІІ республикалық имамдар форумы өткен болатын. 500 имам қатысқан шарда үш негізгі құжат қабылданды. Оның бірі «Жеті рухани қазық» – Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы. Онда әрбір мұсылманның бойынан табылатын жеті қасиет айтылады. Атап айтсақ, адамгершілік,

отаншылдық, білімділік, ауыз-бірішілік, еңбекқорлық, мәдениеттілік, әділдік. Бұл қасиет барлық мұсылман баласы үшін қажет. Сонымен бірге форумда діни қызметкерлер атқаратын рәсімдер де нақтыланды. Оған 45 рәсім кіреді, яғни сабиге ат қоюдан бастап дүниеден өткенге дейінгі аралықта атқаратын қызметі көрсетілген.

Қазіргі уақытта ішкі тұрақтылық және рухани тұтастықты сақтауда имамның атқаратын ролі зор. Өздеріңіз білетіндей, кез келген адам имам не молда бола алмайды. Оның үстіне бірінің қызметін бірі атқара алмауы мүмкін. Осы ретте ҚМДБ діни атауды жасау арқылы олардың міндеттерін де белгіледі. Мұның рухани кемелденуде маңызды зор болмақ, – деді ҚМДБ-ның облыс бойынша бас имамы Болатбек Әбуов.

Жиын барысында қалалық «Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаев «Жақсылыққа бастаған жеті рухани құндылық» тақырыбында баяндаса, «Нұр» мешітінің бас имамы Марат Үркімбаев ҚМДБ құрылымындағы діни лауазымдар тізілімі турасында

хабарлама жасалды. Сондай-ақ, Жаңақорған аудандық орталық мешітінің бас имамы Садулла Омаров, Қызылорда қалалық «Қалмұхаммед ишан» мешітінің бас имамы Дайрабай Ырысбай, қалалық «Әл-Уәли» мешітінің бас имамы Батырбек Убаев қабылданған құжаттардың қоғамдағы маңызы жөнінде пікірлерін ортаға салды. Жиын соңында сұрақтар қойылып, еркін пікір алмасу болды.

Бүгінде өңірде 178 мешіт болса, оларда бас имам, наиб имам мен азаншыларды қосқанда 250-дей қызметкер жұмыс жасайды. Жиынға аудандардың бас имамдары ғана келген. 21 қарашада өтетін ІІІ облыстық имамдар форумына барлығы қатысады деп күтілуде.

БРИФИНГ

Тәуекелдерді басқару жүйесі әділет принципіне негізделеді

«Заң бұзушылық болмаса, мемлекет тарапынан жаппай бақылау жоқ».

Бүгінгі күні мемлекеттік кірістер органдары дәл осындай қағидатпен жұмыс жүргізуде. Дәлірек айтқанда, бизнесі тексеру жоспарына бас тартып, тәуекелді басқару жүйесіне көшіп отыр. Бұл ретте басты назар заң бұзушылықтың жоғары деңгейіне жол беріп отырған бизнес өкілдеріне аударылып, салықтарды ерікті түрде төлеуге қол жеткізу көзделуде.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің осы жылдың 9 айында атқарған жұмыстарына арналған брифингте департамент басшысы Ғалымжан Орыннов журналистерге осындай ақпарат жеткізді.

Департамент басшысы атап өткендей, тәуекелдерді басқару жүйесі біріншіден әділет принципіне негізделген. Салық төлеушілерді салық төлеуден жалтару тәуекелі төмен, орташа немесе жоғары секілді өлшем шарттары бойынша тиісті санаттарға жатқыза отырып, қашықтықтан салықтық

әкімшілендіру шараларын қосып отыр. Осы орайда Қ.Орыннов үстемдіктегі жылдың екінші жартыжылдығына тәуекелді басқару жүйесін қолдану барысында облыста тіркелген 54633 салық төлеуші келесі санаттарға бөлінгені мәлімдеді. Мәселен, тәуекелі төмен салық төлеуші – 35060 немесе 64%, тәуекелі орташа – 17999 немесе 33% және тәуекелі жоғары – 1574 немесе 3%. Демек, мемлекет тарапынан осы тәуекелі жоғары 1574 салық төлеуші бірінші кезекте салықтық бақылауға алынады және жан-жақты тексеру жүргізіледі. Тәуекелдерді басқару

жүйесінің құрамдас бөлігі – камералық бақылау. Осы бағыттағы соңғы жаңалықтардың бірі – жүйені қолдана отырып, электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу бойынша ақпараттық жүйе (ЭШФ АЖ) негізінде қосымша құн салығын (КҚС) әкімшілендіруді жетілдіру жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды. Жоба биылғы жылдың 17 қазанында басталып, 2021 жылдың І шілдесіне дейін жүргізіледі. Мақсаты – салық заңнамасын бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды пост-фактум емес, нақты уақыт кезінде жою жолымен салық төлеушіне жәрдемдесу.

Департамент басшысы мұнан кейін мемлекеттік бюджеттің орындалу көрсеткіштеріне тоқталды. Салық төлеушілердің салық төлеу мәдениетінің жоғарылауы және департамент қызметкерлерінің еңбегі нәтижесінде, осы жылдың ІІ айында мемлекеттік бюджет жоспары 103,9% немесе 4,3 млрд теңгеге арты-

ғымен орындалды. Бюджетке барлығы 115,2 млрд теңге түсіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда салықтық түсімдер 16,9 млрд теңгеге немесе 17%-ке өсті. Жалпы, салықтық және келендік әкімшілендіруді күшейтілуі арқасында жыл бақына бері 22,9 млрд теңгеге қосымша кіріс көздері – ішкі резервтер қамтамасыз етілген. Бұл 2018 жыл көрсеткішінен 5,4 млрд теңгеге артық немесе 136% ұлғайған.

Келен саласы бойынша осы жылдың 9 айында облыстың сыртқы сауда айналымы 499,7 млн доллар құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 35,3% ұлғайды. Тауар экспорты 360,7 млн доллар құрап, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 57% өсіп отыр. Келендік төлемдер мен салықтар бойынша болжамдық тапсырма 106,2% орындалып 16,7 млрд теңге түсті немесе 1 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді.

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасында Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Басшының аты-жөні, тегі және лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Койшыбаев Шахмардан Сұлтанбекұлы (басқарма басшысы)	Бейсенбі	16.00-18.00	тел: 60-53-32
Қарабаев Ғалымжан Мырзахметұлы (басқарма басшысының орынбасары)	Жұма	17.00-19.00	тел: 60-53-32

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының «Сенім телефоны» 60-53-35.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Нұрасылова Алмағұл Рахманбердіқызы Қазалы ауданында «4-ші денгейлі бюджет» тақырыбында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке қабылдау жүргізеді.

Қабылдау жүргізілетін уақыт: 7 қараша 2019 жылы, сағат 12.00-13.00 аралығы.

Қабылдау жүргізілетін орын: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Пірімов көшесі, 5г, «Нұр Отан» партиясы» Қазалы аудандық филиалының ғимараты.

Қоршаған ортаға ҚОҒАМ ТҮГЕЛ жауапты

Облыстық экология департаменті табиғатты қорғау іс-шараларының орындалуына және қоршаған ортаға эмиссияларды төмендетуге ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ, тексеру жүргізу кезінде әкімшілік жауапкершілікке тарту және өндіруді, табиғат қорғау заңнамаларын бұзған кәсіпорындардың шаруашылық қызметін тоқтатуды қуқыры орындарға ұсынады. Департамент басшысы Марат Құрманбаев аталған салада жыл басынан бері атқарылған жұмыстар жөнінде тарқатып айтып берді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Осы жылдың 9 айындағы атқарылған жұмыстарды саралайтын болсақ, қоршаған ортаға қорғау саласында барлығы 65 субъектіге профилактикалық бақылау және қадағалау шаралары атқарылды. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөнінде біліктілік талаптарына сәйкес 7 субъектіге барып, басқа да тексерулер жүргізілді. Осындай бақылау шараларының нәтижесінде аймағымызда 158 экологиялық заңнама талаптарын бұзу фактісі анықталды. Заңды тұлға өкілдеріне Экологиялық кодекстің 117-бабын басшылыққа ала

да тастап, ластағыш заттардың рұқсат етілген шекті көрсеткіштерден асып кетуі сияқты заң бұзушылықтарға жол берген заңды тұлғалардың қызметін уақытша тоқтату туралы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап-арыздар берілді.

Нәтижесінде департаменттің талап-арыздары толықтай қанағаттандырылып, мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот шешімі негізінде аталған кемшіліктерді жойғанша 100 объектінің қызметі тоқтатылды, қалған 90 объект сот отырысына дейін рұқсат құжаттарын рәсімдеген.



жаты алынды. Сонымен қатар, серіктестіктің «Қарабұлақ» кен орнында мұнай ұңғымасы жаңында ұзындығы шамамен 1,8 метр, ені шамамен 1,5 метр болып, яғни 2,7 шаршы метр жер пайдаланудан шыққан мотор майымен ластанған. Бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру

қашықтан зондтаудың ғарыштық түсірілім қызметін көрсету бойынша келісім-шарт жасалған.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес жасалған келісім-шарт бойынша Қызылорда қаласының аумағындағы радиусы

тасталған қалдықтар суретке түсірілді. Нәтижесінде, геопорталға қалдық орындары бойынша дәлелді құжаттармен бірге тиісті белгілер енгізіліп, Қызылорда қаласы және қалаға қарасты ауылдық округтер әкімдіктеріне анықталған қалдықтарды тазарту, бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша тиісті шаралар атқару жөнінде хат жолданды.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған іс-шаралар нәтижесінде, анықталған рұқсатсыз қалдық орының 25-і жойылып, тазартылып, ақпараттар геопортал жүйесіне енгізілді. Аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдар департамент көтерген мәселені бақылауға алып, анықталған ретсіз қалдықтарды тазарту жұмыстары жалғасуда.

Облыстық мәслихаттың шешімімен 2019-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бекітілді. Онда сапаны бірте-бірте жақсарту қажеттілігі ескеріле отырып, нормаланатын параметрлерінің белгілі бір уақыт кезеңіне арналған шекті деңгейі реттелген.

Облыстағы негізгі кәсіпорындардың санитарлық қорғаныш аймағы шекарасындағы қолайсыз метрологиялық жағдай кезеңіндегі әсер ету мониторингінің жоспар-кестесі жасалды. "Казгидромет" РМҚ-дан алынған ақпарат бойынша СҚА шекарасына өлшеу жүргізілді, бұл ретте ластаушы заттардың нормативтен асып кетуі анықталған жоқ.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат

Жыл басынан бері қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін 106 өтінім қаралып, 81 рұқсат берілді. ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 17 өтінім, қызмет алушылардың өтініштеріне сәйкес 8 өтінім кері қайтарылды.

Департамент мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу барысында І санаттағы табиғат пайдаланушыларға "Техникалық құрылыстарды термитациялау" іс-шарасын енгізу арқылы 2838 ластағыш заттардың ұйымдастырылмаған көздерін азайтып, атмосфералық ауаға тасталынатын 1004 тонна ластағыш заттың көлемі төмендетілгені анықталды.

Айта кетейік, департамент қызметтік міндетіне сәйкес І санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру мемлекеттік қызметтерін көрсетеді. Бұл орайда 9 айда департаменттің мемлекеттік экологиялық сараптамасы бойынша 355 жобалық құжаттама қаралды, оның 149-на оң қорытынды берілді. Жалпы, аталған департаментте жыл бойы осындай жүйелі жұмыстар жүргізіледі.



отырып, заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар берілді. Бұған қоса, тексеру қорытындыларымен табиғат пайдаланушыларға 61 әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде іс қозғалып, айыппұл салынып, мемлекет пайдасына өндірілді. Ал мерзімінен кешіктірілген 3 әкімшілік айыппұл мәжбүрлеп өндіру үшін сот орындаушыларға жолданды. Айта кетейік, салынған айыппұлдардың басым бөлігі табиғат пайдаланушыларға экологиялық рұқсат құжаттарында көрсетілген шарттарды, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысында қамтылған талаптарды орындамағаны, сол сияқты, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілмеген жобалар, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің экологиялық рұқсатта белгіленген мөлшерден асып кеткені, өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу, қалдықтарды және залалсыздандыру қағидаларын бұзғаны үшін салынған.

Жыл бойына 100-ге жуық өтініш қаралады

Мемлекеттік экологиялық бақылау шараларының нәтижесінде ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты заң бұзушылықтар анықталды. Мәселен, "Қазушар" ШЖҚ РМҚ "Арал" салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы қызметіне тексеру жүргізіліп, Белкөл кентіндегі КНС-тен көріз судың қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатсыз тасталып жатқаны анықталды. Аталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында департамент тарапынан шұғыл шаралар қабылданып, сарқынды суды тастауды тоқтату жөнінде сот шешімі шықты. "Саутс-Ойл" ЖШС-на жүргізілген профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижесінде де осындай заң бұзушылықтар орын алғаны анықталған. Бүгінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат құ-

жөнінде нұсқама беріліп, орындалды. "Қуат Амлон Мұнай БК" ЖШС тарапынан да жоғарыда аталғандай, қоршаған ортаға қорғау талаптары орындалмай, заң бұзушылықтарға жол берілген. Ол бойынша тиісті жұмыстар атқарылды.

Бір сөзбен айтқанда, қоршаған ортаның тазалығы қоғамның назарында. Айталық, департаментке осы мерзім аралығында 86 өтініш түскен болатын. Оның ішінде 30-ы заңды тұлғалардан болса, 56 өтініш жеке тұлғалардан келіп түскен. Өтініштер сапалы, уақытылы қаралып, жан-жақты зерттеліп, жауап берілді.

Қалдықтардың орналасуы қашықтан зондталады

ҚР Энергетика министрлігі мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ арасында қалдық орналасқан жерлерді

50 шақырым белдеуде қалдықтар орналасқан алаңдарды қашықтан зондтау көзделген. Ол бойынша өндіріс және тұтыну қалдықтары орналасуының ғарыштық мониторингі, сондай-ақ, шекараларының өзгеру динамикасының мониторингі, облыс орталықтарының, қалалардың белдеулерінде стихиялық қорықтардың түзілуін анықтау қарастырылған. Осыған орай ҚР Энергетика министрлігінің геопорталы (waste.gharsh.kz сайты) іске қосылып, порталдағы ғарыштық мониторинг арқылы космостық бейнесуреттерді зерделегенде биыл Қызылорда қаласының 50 шақырымдық радиусында 228 рұқсатсыз қалдық орны анықталды.

Департамент мамандары геопортал жүйесінде көрсетілген әрбір орынға барып, тиісті әкімшілік аумақтық бөлініс бойынша жергілікті атқарушы органдар мамандарының қатысуымен далалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ретсіз

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалында ашық диалог алаңы ұйымдастырылды. Ел Президентінің мемлекет билігіндегі «Мықты әрі уәкілетті Президент, ықпалды Парламент, халыққа есеп беретін Үкімет» формуласына сай жариялылықты ұстанған корпорацияның жергілікті филиал директоры Сәкен Әбенов тікелей байланысқа шықты. Алғаш рет ұйымдастырылған шараға шаруа қожалықтарының өкілдері, кәсіпкерлер қатысты. Сондай-ақ тұрғындарға әлеуметтік желі арқылы сұрақ қоюға мүмкіндік жасалды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Ашық диалог: Кез келген сұрақтың жауабы бар

Корпорация «2017-2021 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өндірісі кешенін дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие береді. Ауыл шаруашылығының түрлі саласы бойынша несиелендіруге арналған 9 бағдарлама бар.

Біздің міндетіміз – мемлекет тарапынан берілген көмекті елге жеткізу. Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған қаржы жыл сайын артып келеді. Мәселен, облыста 2017 жылы 3 млрд теңгеден аса, 2018 жылы 4 млрд теңгеден аса қаржы несиеге берілді, – деді филиал директоры С.Әбенов.

Ашық диалог алаңы мұнан әрі сұрақ-жауаппен жалғасты. «Сүйінші» шаруа қожалығының төрағасы Қ.Мұстафаев ауыл шаруашылығы саласын

да кәсіп бастаған жас кәсіпкерлер үшін қандай жеңілдіктер болатынын сұрады.

Жастар жылына орай «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлер 6 процентпен несие алады. Биыл облыста бұл мақсатта 1 млрд теңгеден аса қаржы бөлінген.

Жеке кәсіпкер Рахат Табынбаев несие кепілдігіне сатып алынатын малды қою туралы білгісі келетінін айтты. Филиал директорының айтуынша, несие қаржысына сатып алатын малды да кепілге қоюға болады.

Ашық диалог алаңында тұрғындар көкейдегі сауалдарына жауап алды. Халықпен тығыз байланыс орнату мақсатындағы бұл шара енді жүйелі жүргізілмек.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Бейнеттің берекеті



Атымтай – атына заты сай жігіт. Мінезге бай азаматтың С.Сейфуллин атындағы шаруашылықта еңбек еткеніне биыл тура 40 жыл болыпты. Туған ауылындағы №137 орта мектептің 8-сыныбын бітіргеннен кейін трактор руліне отырды. Еңбек жолын 16 жасында бастаған Атымтай шаруашылық басшыларының айтқанын екі етпей, еңбек майданына араласты. Мықты механизаторлардан ақыл-көнес ала жүріп, темір тұлпардың «құлағында» ойнауға талпынды. Өндірістен қол үзбей кешкі мектепті үздік бітірді.

Ауылда 5-6 жыл еңбек еткеннен кейін техника маманы болу үшін арнаулы оқу орнында білім алу керек екенін ұғынды. Сөйтіп 1985 жылы Жамбыл облысының Қордай ауданындағы ауыл шаруашылық техникумының «техник-механик» мамандығының күндізгі бөліміне оқуға түсті. Техникадан хабары мол ынталы жас алғашында оқудан қиналғанымен, уақыт өте бәрін тез игеріп кетті. Техникумды бітіріп, механик дипломын алып, ауыл шаруашылығына оралды. Мал шаруашылығында, фермада механик болды. Бірыңғай мал бордақылау кешенінің жұмысымен айналысты. Семіртілетін малға шопті тұрап, булап беру, қыстық мал азығын дайындау Атымтай бастаған механизаторлардың мойнында болды.

Қашан да жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтын азаматтың кезінде шаруашылықтың ет жоспарын орындауына қосқан үлесі мол. Жұмыста қабілетімен көзге түскен Атымтай шаруашылық орталығындағы шеберханаға шақырылды. Егемендіктің бастапқы жылдарында нарықтық қатынасқа төтеп бер алмай, шаруашылықтың шаруасы шатқаяқтаған кезде де механик А.Есназар сүйікті мамандығынан қол үзген емес. Бірді екі, жартыны бүтін етем деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, уақытпен санаспай еңбек етті. Көбіне іссапарда жүріп, айырбаспен (бар-

тер) жұмыс жасады. Өйтеуір шаруашылықты қиындықтан құтқару жолында аянбай еңбек етті. Қиындықтан, жауапкершіліктен қашқан жоқ. Туған ауылы үшін қолдан келгенін бәрін жасайтын шебер механик 2006 жылы бас инженерлікке тағайындалды. 13 жылдан бері осы жауапкершілігі мол жұмысты еңбек етіп келе жатқандықтан Атымтай Есназар өз ісін білгір маманы атанды.

Биыл шаруашылық егіннен мол өнім алды. 1 мың гектар күріш алқабының ер гектарынан 65 центнерден өнім жинады. Науқанға техника толық қатысып, жұмыста үзіліс болған жоқ. Атымтай бастаған механизаторлар ерен еңбектің үлгісін көрсетті.

Аудан орталығында өткен «Алтын дән» мерекесінде Атымтай Есназардың 40 жылғы қажырлы еңбегі ескеріліп, су жаңа «Нива» көлігі сыйлыққа берілді. Еңбеккер азаматқа лайықты құрмет көрсетілді.

Атымтай өнегелі отбасының басшысы. Зайыбы Мира көп жылдан бері аудандық шеберханаға медбике болып қызмет атқарды. Ұлы Әділ – мұнайшы. «ҚазПетролеум-групп» ЖШС-да оператор. Оның келіншегі Сандуғаш та аудандық ауруханада медбике. Үй іші немеренің шат құлкісіне бөленген Атымтайдың отбасы еңбектен бақытын тапқан жандар.

Шаһарбек НҮРСЕЙТОВ. Сырдария ауданы.

Табиғатты пайдалану тәртібі

Тексерулер нәтижесімен қоршаған ортаға рұқсатсыз шаруашылық қызметін жүзеге асырған заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірген залалды өндіруге 50 нұсқама берілген болатын. Қазір 38 нұсқама өз еркімен мемлекет пайдасына өндірілді. Ал қалғанын мәжбүрлеп өндіру мақсатында департамент тарапынан мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына және Нұр-Сұлтан қалалық сотына жолданып, барлық талап-арыздар қанағаттандырылды. Сондай-ақ, мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізу барысында ҚР Экологиялық кодексті талаптарын өрескел бұзу, қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатсыз шаруашылық қызметін жүзеге асыру және оған әсерін бағалау жобалары болмау фактілері кездесті. Қауіпті қалдықтарды заңсыз орналастыру және қалдықтарды арнайы бейімделмеген орындар-



Оқырман олжасы

Жаһандық білімге жол ашқан 100 оқулық



Республикадағы байырғы жоғары оқу орындарының бірегейі Қорқыт ата атындағы Қызылорда

мемлекеттік университеті ғылыми-техникалық кітапханасының міндеті – пайдаланушыларға дүние жүзіндегі таңдаулы озық үлгілердің негізінде білім алып, ғылымды жетілдіруге мүмкіндік беретін бүкіл ақпарат көздерін насихаттау. Бүгінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізінде орындалып жатқан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы аясында жарыққа шыққан 49 оқулықты оқырманға таныстырып, насихаттауға басымдық танытудамыз.

Былтыр сәуір айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасындағы «Ұлттық Аударма Бюросы» қоғамдық қорында аударылған алғашқы жаңа 18 оқулықтың тұсаукесер рәсіміне қатысқан университет ғалымдары оқулықтардың электронды нұсқасымен ұжымды таныстырған. Мамыр айында ғылыми-техникалық кітапхана қорына жаңа оқулықтардың үш мыңнан аса данасы түсіп, оқырман көзіне айналып кетті. Осы уақыттан бастап кітапхана қызметкерлері көпшілікті жаңа оқулықтармен таныстыру жұмысын қолға алып, «Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» аясында қазақ тіліне аударылған оқулықтардың тұсаукесері және осы тақырып аясында дөңгелек үстел, кітап көрмелерін ұйымдастыра бастады. Бұл іс-шараларға облыстың қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының басшылары, гуманитарлық ғылыми орталықтардың қызметкерлері, ұстаздар, жас ғалымдар мен студенттер және баспагерлер қатысты. Қатысушылар оқулықтардың жаңа гуманитарлық білімді жетілдіруге құндылығын атай отырып, жастардың жаппай ғаламтор желісіндегі мөлметтермен шектеліп қалған уақытында мәңгі сарқылмас білім көзі – кітапқа қайта мойын бұрып, әлемдік білімнен нәр алуға мүмкіндік жасаған Елбасы бастамасына ризашылық білдірді.

«Кемел білім көкжиегі» тақырыбындағы достар және виртуалды кітап көрмелері университеттің барлық оқу ғимараттары, облыстық жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерінің, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы оқу залдарында қойылып, насихатталды. Кітап көрмесіне қатысқан оқытушылар мен білім алушылар жаңа оқулықтарға қызығушылық танытып, мамандардың әрбір оқулыққа берген сипаттамалары мен көзқарастарын зейін қоя тыңдады. Алдағы оқу жылының оқу бағдарламасына мамандықтар бойынша оқулықтар енгізіліп, оқырмандар игілігіне айналатыны мәлімделді. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасымен таныстыру мақсатында дәрістер, ашық сабақтар ұйымдастырылып, жобаның құндылығы, жаңа аударылған оқулықтардың мазмұны мен жаңалықтары талқыланды. Жаңа оқу жылының басында кітапхана қорына «100 жаңа оқулық» жобасы кітаптарының 30-ы қосылып, қазіргі уақытта барлығы 49 туындыны оқырман пайдалануда.

Аталған жоба ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының үйлестіруімен жүзеге асырылып жатқаны бәрімізге мәлім. Оқулықтар философия, әлеуметтану, дінтану, лингвистика, молекулалық дүниежүзі тарихы, әдебиет теориясы, халықаралық құқық және бизнес, қазіргі заманғы педагогика, өнер тарихы, интернет психологиясы, стратегиялық менеджмент, маркетинг негіздері, ұйымдық мінез-құлық, медиа және бизнес-коммуникация, адам ресурстарын басқару, дипломатия, ориентализм және семіосфера

сынды бағыттарды қамтиды. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы – үлкен мақсатқа жол салған тың соқпақ, тарихи жаңалық. Себебі, осы оқулықтар арқылы жалпы гуманитарлық білімнің мазмұны мен сапасы мүлде жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Бұрын әлемдік гуманитарлық ғылым қазақ тіліне осынша кең бағытта аударылмаған еді. Сондықтан бұл оқулықтар – қазақ тіліндегі гуманитарлық біліммен бірге қазақ тілінің өзінде өрге сүйрейтін ірі бастама деп қабылданып заңдылық.

«Білгенге маржан, білеске арзан» деп қазақтың данасы Абай Құнанбайұлы айтқандай оқырмандарды айтулы басылымдардың бірқатарына ықпалға сипаттама бере отырып, таныстыруды жөн көрдік.

Адамзатты заманауи компьютерлік технологияға мәжбүр еткен төртінші индустриялық революция заманының бағытын, мүддесін, тарихи мен қазіргі ахуалын толық зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты кітабы жүйрік ғаламтор және адам санасымен бәсекеге түскен жасанды интеллект, ақылды электронды машиналар туралы сөз қозғайды. Қоғам дамуын бір-бірімен тығыз байланысты физикалық, цифрлық және биологиялық бағыттарда жетілдіруді негізге ала отырып, алдағы 2025-2030 жылдарда күтілетін нәтижелерге сараптама жасайды. Автор индустриялық революция жаңа сауда тұрмыстық жағдайға барынша қолайлы мүмкіндіктерді енгізу, жастардың технологиялық білімі мен олардың әлемдік өндірістегі жаңалықтардан хабарлар болуының үлкен рөл атқаратындығын да нақтылап қойды. Ал, оқулық «Төртінші революция» деп неге аталады, алдыңғы үшеуі қандай төңкерістер екенін айқындауды оқырманның өзіне қалдырамыз.

«Тіімді басқару – ғылым мен өнердің үйлесімі» дейді «Менеджмент» оқулығының авторы Рикки Гриффин. Рикки У.Гриффин 1978 жылы Хьюстон университетінде ғылым докторы дәрежесін алғалы бері АҚШ түрлі жоғары оқу орындарында менеджмент, халықаралық менеджмент, ұйымдық мінез-құлық, адам ресурстарын басқару пәндерін оқытып, осы салаларда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оқулықтар жазып келеді. «Менеджмент» – ғылымның іргелі де күрделі еңбектерінің бірі. 1984 жылы алғаш жарық көрген оқулық содан бері 12 рет халықаралық деңгейде қайта басылып, үздіксіз өңделіп жетілдіріліп үстінде. Шын мәнінде ірі бизнес өзегін құрайтын, басқару өнері – менеджменттің тарихы мыңдаған жылды қамтитындығын жылнамалардан білеміз. Мысыр перғауындары мен абыздарының өздері де пирамида салуда менеджменттің жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау қызметтерін тиімді қолданған екен. Біздің дәуірімізге дейінгі 400-жылдары өмір сүрген Сократ менеджмент тәжірибесі мен тұжырымдарын саралап, еңбегіне енгізген. Осы айтылған мысалдардан көретіміз, менеджмент

– адамзат қауымдасып тіршілік ете бастағанда-ақ қалыптасып, үздіксіз дамып келе жатқан өміршен құбылыс. Екі адамды, тіпті, отбасын басқаруды өзіне де бейімділік керек. Ұйымды басқару, оның мақсаттары мен мүддесін ойлай отырып, қарамағындағы қызметкерлердің сапалы да, өнімді жұмыс атқаруына мүмкіндік жасайтын, сол арқылы бүкіл ел дамуына үлес қосатын басшы мамандар дайындаудың кілті осы оқулықта.

Сол сияқты, экономика және кәсіпкерлік бағытындағы білім беру-

пәні мамандарына, магистрант, докторанттар мен көпшілік қауымға арналған. Осы кітаппен танысқан оқырман қасиетті Құран Кәрім, Ислам дінінің құдіретін тереңдеті ұғынары көміл. Өйткені бұл кітапта Құран мен Інжілдегі кейбір жайттар ашық баяндалған.

Британ империясының көпжылдық дипломатиялық байланыстар тарихынан сыр шертетін «Құпия жазбалар» деген атпен белгілі мұрағат деректері арқау болған «Дипломатия» оқулығы (авт.Роберт Трагер)

ды лингвистикалық зерттеулерден хабардар болуға көмектеседі, яғни тіл және тілді пайдалануға қатысты көкейкесті мәселелерге жауап береді.

Осындай қажетті оқулықтар ішінде профессорлар Джули Ривкин мен Майкл Райанның 5 томдық «Әдебиет теориясы» да бар. Әлемдік әдебиеттану ғылымының соңғы жаңалықтарын жетекші бағыттар бойынша саралаған сүбелі еңбектің отандық сөз өнері ғылымына берері мол. Алдағы уақытта «Жаһандық әдебиет теориясы қазақ тілінде» тақыры-

кітапханаға келіп, өзін қызықтырған оқулықтарды алуына және орену. kz сайтынан «Ұлттық аударма бюросында» шыққан барлық кітаптың электронды нұсқасын ашып оқуларына болады.

Қорыта келе, жаһандық бәсекелестікке бейімделген мамандар дайындауда үлкен маңызға ие «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының нәтижелері жоғары баға алды.

Мемлекеттік тілге аударылған оқулықтардың басты құндылығы мен жобаның маңызы қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөлінен көрінеді.

– Сапалы білімнің қолжетімділігі артып, білім алушы жастар жаһандық ғылымның жетістіктерімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар толқынын қалыптастырудағы маңызды факторға айналды. Аталған басылымдар тұлғанын ғылыми ой-таным аясының кеңеюіне жол ашты. Жастардың заманауи білім толқынына ілесіп, өз елінің мәртебесін асқартуға сенімді оялды. Ғылыми-зерттеу әдіснамалары жаңғырып, сыныптық көзқарас сапалы арнаға бұрылады.

Жаңа оқулықтар топтамасын оқу үдерісіне енгізу арқылы ЖОО оқу бағдарламалары тын теориялық, практикалық материалмен толықты. Соңғы жылдардағы қарқын алған жаһандану тенденциясына бағыттала жазылғандықтан, әлемдік экономикаға еркін араласу жолында атқарылатын жұмыстар мен жоспарлаудың барлық түрлері кеңінен түсіндіріліп, кезең-кезеңімен сипатталған. Ғылым саласындағы терминологияның қалыптасуына жол ашып, қолданыстағы терминология мен ұғым-түсініктер шеңберін кеңейтіп, ұлттық термин-жасам процесіне қозғау салды.

Гуманитарлық ғылымдардың өзара араласып, синтезделуі нәтижесінде әрбір салада тұр пайымдар бой көтеріп, нәтижесінде жаңаша әдіснамалық тұжырымдар қалыптасты. Әлемдік ғылым тілінің қазақшалануы, қоғамдағы кейбір күрделі мәселелерді кешенді түрде шешуге мүмкіндік берді. Оқырман ғылым саласынан жалпы мағлұмат алып, әрі қарай ізденуге, сыни ойлауға ықпал етті. Жалпы қазақ тіліндегі кітап индустриясына, ғылым-көпшілік аударма ісіне серпін әкелді.

Тізе берсек, тарихи жаңалыққа айналған 100 жаңа оқулықтың болашақ жастарымызды тәрбиелеуде пайдасы зор. Өрине кейбір тақырыптардағы еңбектерді рухани ой елегінен өткізіп, қабылдауға әлі де уақыт керек, сонда да әлемдегі ғылыми танымның бағдарына ой түзегеніміз қуантарлық жағдай. Толық нәтиже шығару үшін әркім өзінен бастау керек, әлемге түрлі көзқарастар тұрғысынан қарап, оны өз ұлттың дүниетанымымен қабыстыра білу шарт.

Сөз соңын Елбасының «Осы оқулықтар арқылы біздің ғалымдарымыз да қуат алып, шабыттанып, түбінде сондай дүниелерді өмірге әкеледі. Түпнұсқасын қазақ тілінде, қазақшалап жазады деген үміттеміз. Бұл оқулықтар жас ғалымдарымызға рух беріп, ізденіс жолына салса жөн. Қазақстандықтар да сондай кітаптарды шығаруға қабілетті екеніне сенімдіміз» деген сөзімен аяқтай отырып, жаһанданған жаңа заманға сай болу үшін ұлт болып қолға алынған жобаларды, игі істерді барынша қолдауға, тиімді пайдалануға шақырамыз.

Ж.ӘБЕНОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғылыми-техникалық кітапхана директоры,
Р.ДОСПАЕВА,
кітапхананың бөлім меңгерушісі.



ге қажет оқулықтар қатынан, атап айтсақ, Джон Гэмбл бастаған авторлық топтың «Стратегиялық менеджмент негіздері», Ник Уилтонның «HR менеджментке кіріспе», Стивен Роббинстің «Ұйымдық мінез-құлық негіздері», Чарльз Хиллдің «Халықаралық бизнес: жаһандық нарықтағы бәсеке», Ларри Ди Маттеоның «Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта», Дональд Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика» атты оқулықтары да кәсіпкерлік құбылысты жан-жақты зерттеп, кәсіпкер болудың қыр-сырына үйретуде таптырмас көмекшіге айналды.

Қазіргі қоғамда адамзатты толғандыратын күрделі мәселелердің бірі – дінтану ілімі. Осы салаға байланысты оқулыққа батыстағы дін тарихы туралы ілімнің әлемге танымал маманы, ағылшын ғалымы Карен Армстронгтың: «Иудантизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны» кітабы таңдалып, қазақ тіліне аударылып, бұрын автордың «Будда», «Құддыс: Бір шаһар, үш дін», «Мұхаммед Пайғамбардың ғұмырнамасы», «Құдай үшін талаз», «Фундаментализм тарихы» сияқты тамаша еңбектері әлемнің 40-тан астам тіліне тәржімаланған. Оқулықта иудаизм, христиандық пен ислам – үш діннің негіздерін зерттеп, бір-біріне қалай ықпал еткеніне ғылыми талдау жасалған. Бір кітаптың шеңберінде монотеизмнің тұтас тарихын қамтыған – Ибраһимнан біздің заманымызға, антикалық философиядан орта ғасырдағы мистицизмге, қайта өрлеу мен реформашылық дәуірдегі рухани ізденістерден қазіргі заманғы скептицизмге дейінгі Жаратушының тану тарихын баян еткен. Бұл кітап дінтану, философия, тарих, мәдениеттану

болашақта халықаралық қатынастың қыр-сырын шеберлікпен меңгергісі келетін жастарға қажет. 2 томдық адамзат пайда болғаннан бастап бүгінгі күнге дейінгі дүниенің тарихи жолын кең ауқымда сипаттайтын «Panorama: Дүниежүзі тарихы» деп аталатын оқулық тарихшыларды бейжай қалдырмайды.

Әлемнің танымал университеттерінің оқу бағдарламасына енгізілген «Тіл біліміне кіріспе» оқулығының авторлары – Н.Хайамс, Р.Родман және Виктория Фромкин құнды еңбектерін тілші ғалымдарға, филология факультетінің студенттері мен оқытушыларына және тіл біліміне қызығатын көпшілікке арнаған. Кітап кіріспеден, 12 тараудан және арнайы глоссарийден тұрады. Оқулықта жалпы тіл ғылымының тарихы, фонетика, грамматика, морфология және синтаксис мәселелері қозғалып, олардың өзектілігі баяндалады. Дегенмен, тіл мамандары мен ғалымдары қазақ филологиясы мамандықтарында бұрыннан қолданып жүрген Т.Қордабаевтың «Жалпы тіл білімі», К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» оқулықтарына толықтыру ретінде пайдаланылатын құнды еңбек. Бұл кітап арқылы тіл білімінің ортағайнап орны сәл де болса толғанып, бірақ осы арқылы тілдік кеңістік қанағаттанды деп айтуға болмайтын пікірлерін алға тартады. Өйткені бұл кітап мәселенің бір ғана қырын қамтитын бір ғана оқулық, ал қанағаттанушылық лингвистикалық ілімді өз ана тіліміздің материалы негізінде түсіндіріп, қазақы ұғыммен бергенде болуы мүмкін. Өрине, ондай күнге де жететінімізге сеніммен қараймыз. Оқулықтың тиімділігі – студенттерге лингвистика мәселелері жөнінде жүйелі білім алуға, оқытушылар мен студенттерге маңыз-

бында дөңгелек үстел ұйымдастыру жоспарлануда. Дөңгелек үстел барысында ғалымдар, бұл еңбектің қазақша нұсқасының мазмұндық аясы мен құрылымы, тәржімалану деңгейі, білім жүйесіне енгізілуі мәселелеріне кеңінен тоқталды деп ойлаймыз.

Соңғы келген оқулықтар арасындағы әлем университеттерінің журналистика және медиа зерттеушілерінің тәжірибелері негізінде құрастырылған «Медиа этика» (авт. Ли Энн Пек және Гай С.Рил) «Медиа және журналистика» (авт.Жейсон Бейнбридж, Никола Гок) оқулықтары оқырмандардың қызығушылығын арттырады. Кітаптар тілі қарапайым әрі қызықты, оқуға жеңіл. Оқулықтың басты құндылығы – медиа маманы болуға талаптанған әрбір жасты журналистиканың негізгі принциптеріне баулуы.

Қоғамдағы шиеленіске түскен тағы бір мәселе – жеке тұлға психологиясы мен әлеуметтік қатынастар. Бұл саланың көкейтесті сұрақтарына тиісті жауапты «Әлеуметтік психология» (Майерс Дэвид Г.), «Әлеуметтану теориясы» (Ритцер, Джордж), «Көпке ұмтылған жалғыз» (Эллиот Аронсон) т.б. оқулықтардан табуға болады. Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз» кітабының тақырыбын аударуың өзі – ғалымдардың ұзақ толғанысының нәтижесі. Себебі, бұл кітаптың ағылшынша атауы «The social animal» – ол «Қоғамдық жануар» дегенді білдіреді, ал қазақ аудармашы ғалымдары ақылдаса келе оқулықтың табиғатын ашатын «Көпке ұмтылған жалғыз» атты атауға тоқталған және тұсаукесер рөсінде Елбасы да сәтті балама деп ерекше атап өтті.

Өрине бір мақала көлемінде 49 әдебиетке сипаттама беру мүмкін емес, сондықтан кез келген оқырман

Әлеуметтік зерттеу – әлеуеттің айғағы

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, елдің тұрақты дамуында әлеуметтік зерттеудің алар орны ерекше. Оған дамыған мемлекеттердегі қоғамдық пікірді зерттеу мәдениетінің қалыптасуы, билік пен халық арасында кері байланыс қағидатының орнығуы дәлел. Бұл үрдіс Қазақстанда да кең қанат жайып үлгерді.

2011 жылдан бері «Сыр медиа» ЖШС жанында жұмыс істеп келген ақпараттық талдау орталығы облыс әкімінің 2019 жылғы 10 шілдедегі №8 қаулысына сәйкес облыстық ішкі саясат басқармасының «Ақпараттық талдау орталығы» КММ болып құрылды. Мекеме жұмысының нәтижесі басқармада басты көмекші құрал ретінде қолданылып жүр.

Орталық директоры болып саяси ғылымдар кандидаты Сәулет Сахнев тағайындалды. Ол бұл қызметті 2013 жылдан бері атқарып келеді. Орталық әкімшілік, ақпарат-

ты жинау және өңдеу, талдау және болжау бөлімдерін қамтиды. Мұнда 26 адам қызмет атқарады, барлығы жоғары білімді, басым көпшілігі әлеуметтанулық зерттеу жүргізуден хабардар.

Зерттеудің бұл түрі – орталық қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда аймақтың әлеуметтік, экономикалық салаларындағы фактілер мен құбылыстар зерттеледі. Бұл өзекті мәселелер, түрлі түсініспеушіліктер мен наразылықтардың алдын алады. Сонымен қатар, билік пен халық



арасындағы таптырмас байланыс құралы деуге болады.

Орталық мақсатқа жету үшін төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- маңызды мәселелер мен тақырыптар бойынша әлеуметтанулық зерттеу (сауалнама, фокус-топ, эксперименттік сауалнама, тереңдетілген сұхбат) ұйымдастырып, жүргізу;
- зерттеу әдістемесі мен құралдарын құрастыру, соның ішінде ин-

тервьюерлерге арналған құжаттар әзірлеу;

- зерттеудің далалық кезеңін дайындау және жүргізу, соның ішінде мамандар жұмысын ұйымдастыру, оларға арнап тренинг өткізу, дерек жинау, сұхбат жүргізушілердің жұмысын қадағалау және бақылау;
- сандық дерек енгізу және өңдеу;
- сандық деректі талдау;
- сапалық зерттеу дерегін талдау, ауқымды мәтіндік дерекке мазмұндық талдау жасау;
- зерттеу нәтижесі бойынша презентация жасау және өткізу;
- зерттеу нәтижесін сараптап, ұсыныс беру;
- құндылықтар мен қоғамдық өмірдің түрлі сұрақтары бойынша қоғамдық пікір, болжам және сенімді зерделеу;

– облыс тұрғындары үшін өзекті және алдағы уақытта ушығып мүмкін өткір мәселелерді анықтау;

– облыс орталығы мен аудандардың қоғамдық-саяси ахуалы жөнінде мәлімет базасын қалыптастыру;

– зерттеу және сараптама қызметін жетілдіру, мамандарды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін семинар-тренингтер ұйымдастыру;

– еліміздегі өзге ақпараттық-сараптамалық орталықтармен байланыс орнату.

Аталған қызметтер орталықтың маңызды артықшы, өңірдің тұрақты дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Мекеме облыстың қоғамдық-саяси ахуалы жан-жақты зерттеуге, өңірдің тұрақты дамуына үлес қоса бермек.

«СБ» ақпарат.

Шебер

«Өнер – таусылмас қазына, жұтамас байлық» дейді дана халқымыз. Қазақ қолөнері – өзінің көркемдік мән-мағынасымен халқымыздың гасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы, ата-бабамыздың ұшқыр қиялынан шыққан өнер туындысы, халық рухани байлығының көзі. Ол бір жағынан – өнер келе, екіншіден – ежелден келе жатқан кәсіп түрі. Ұсталар найза, қылыш, айбалта, семсер сияқты қару-жарақ түрлерін әзірлесе, ағаш шеберлері киіз үйдің сүйегінен бастап үй мүліктері – сандық, кебеже, асадал, тостаған, оқтау, астау және музыка аспаптары – домбыра, қобыз жасаған.



Осылардың қатарында киіз, сырмақ басу, текемет, алаша, шым-ши, аяқпақ, құрақ көрпе және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан дәстүрлі қолөнер үлгілерін айтуымызға болады.

Осындай құндылықтардың маңызын қазіргі жастардың бірі білсе, бірі білмейді. Ұлттың ғұмыры уақыттан ғана емес, өзінің ұлттық болмысын сактай білуден өлшенетіні ақиқат. Дәстүрді сақтап қалатын халықтың өзі. Оқиншеке қарай, қазір біз салт-дәстүрімізді, мәдени мұраларымызды танып білуде оқиншеке қарай бердік. Мұның бір себебі осы өнерге шынайы жанашырлықтың жоқтығынан да болуы мүмкін.

Дегенмен, қазақ халқының қолөнерін әлемдік дәрежеге шығарған, артына өшпес мұра қалдырған, халық мақтанышына айналған көптеген шеберлер есімі елге белгілі. Солардың

ген көзқарасын қалыптастырып, шығармашылыққа баулимыз. Ойға алған туындының сәтті шығуы үшін ең алдымен жүрегің таза болуы керек. Қазіргі жастар тәзімсіз, істің басын бастап, аяқсыз қалдырады. Жалпы өнермен айналысу арқылы адам бойындағы жаман қасиеттерді жеңуге болады. Бұл тәзімділікке, алға қойған мақсатына жетуіге, ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді. Еңбек үстінде шығармашылық ізденудің нәтижесінде алуан қолөнер туындылары дүниеге келеді. Сол арқылы халықтың ілтипатына бөленесің, іштей өсу, түлеу болып, ынта артады. Бұл теріс әдеттерден аулақ қылады деген сөз. Ысырапкерлік – қазаққа қатты қылық. Ежелден-ақ ата-бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да қесінділерін қажетіне жаратқан, аяқ астына тастамаған. Олай болса, ізденімпаздықпен атқарған әр

маньда оқушылардың жалпы білімін көтеру, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырып, бүгінгі оқушы, ертеңгі жас маман екенін ескере отырып, оларға қәсіби білім беріп, қабілетін, дарынын аша білу, шығармашылыққа бағыт-бағдар беру – әр мұғалімнің және үйдегі ата-ананың мақсаты. Айтпағым жеткіншекті өнер арқылы тәрбиелеу қазақтың қолөнерінің дамуына әкеледі, бұл – өнер мен еңбекті ұштастыру деген сөз, – деді.

«Қолөнер бұйымдарының ұмыт болғандары көп пе, қайтадан жаңғырту қиын емес пе?» деп сұрадым.

– Біз жасаған дүниелер бұрынғы ата-бабаларымыздың жұмыстарынан әлдеқайда төмендеу. Ол кезде дайын станоктар емес, қарапайым құралдар арқылы халықтың сұранысын өтеп отырған. Біз тек солардың үлгілерін түрлендіріп, заманға сай жаңғыртып жасаудамыз. Ұлттық қолөнер – бабалардан қалған мәдени мұраның ең асыл құнды қазынасы. «Өнер көзі – халықта» деген, алдымен өнерді халықтан үйреніп, көне мұраны жаңғыртып, ізденіп іске асыру перзенттік парызымыз деп түсіну керек, – деді.

Шебер ЕХРО көрмесінде туындыларын апарды. Халықаралық көрмеден алған әсері туралы:

– Көрмеде бастан-аяқ болдым. Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшелері бас қостық. Үздік деп бағаланған бұйымдарымызды алып бардық. Жоғары деңгейде өткізілген шарлада шетелдіктер жұмыстарымызға жақсы бағасын берді. Әсіресе, Польшадан, Ресей, Түркиядан келген қонақтар қызығушылық танытты. Кейбір бұйымдарымыз ұнатты, сатып алғандары да болды. ЕХРО-да біз өзіміздің



бірі қолөнер шебері – Жәнібек Маханбет. Оның есімі тек Сұр еліне ғана емес, бүкіл елімізге белгілі. Ж.Маханбет 1950 жылы Сырдария ауданы, Қызылөзек ауылында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын А.Токмағанбетов ауылындағы мектепте мұғалім, аудандық оқушылар үйінде үйірме жетекшісі қызметтерінен бастайды. 1987 жылдан бері ағаш ою өнерімен айналысып келе жатқан ол сол жылы Мәскеуде өткен қолөнер шеберлерінің фестиваліне қатысып, КСРО Суретшілер одағының дипломына ие болды. Бүгінде оның туындылары Американың Аризона штатында, Канаданың – Калгари, Англияның – Лондон және Қазақстанның әр қаласындағы жекелеген азаматтарда сақталып, 1998 жылы Астана қаласының ашылу мерекесіне арналған көрмеге қатысқан шебер 2006 жылы «Алтын сапа» конкурсының бас жүлдесіне ие болды. «Қызылорда облысының 70 жылдығы» мерекелік төбелісімен, Туризм және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған Жәнібек Асанұлы 2014 жылы облыстық «Қолөнер – сырлы өнер» атты ІІ республикалық конкурста жүлделі І орынға ие болды. Бұдан өзге республикалық, облыстық деңгейдегі сайыстарда бас жүлделерді қанжығасына байлағанын санамалап айту мүмкін емес.

Өзімді толғандырып жүрген сауалдар жөнінде сұхбаттасу үшін оның үйіне барғанымда, ағаны шеберханасынан таптым. Қойған сұрақтарыма жауап берді. Шеберлер «Қолөнермен айналысудың жеке тұлғаның қалыптасуына әсері қандай?» деп сұрадым.

– Жастарды қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезінде дүниеге, білімге, өзіне де



жұмыс ысырапкерлықтан тыйып, үнемділікке үйретеді, – деді ол.

«Елімізде қол өнердің дамуын тежеп, кедергі келтіріп отырған не?» деген сауал қызықтыратын. Шебердің ойынша қолөнердің дамуына кедергі көп. – Ең бірінші, әрбір адам саналы түрде оянып, не нәрсенің пайдалы, ненің зиян екенін ұғыну қажет. Қазір химиялық жолмен әзірленген ойыншық, киім-кешек, тамақты күнделікті тұтынуамыз. Ақиқатында осыдан аурудың түрі көбеюде. Керісінше табиғи жолмен дайындалған бұйымдарға ұлттық тұрғыда назар аударсақ, елдің денсаулығы жөндөліп, дәстүрлі өнеріміз дами түспек. Мысалы, ағаш ыдыстар денсаулыққа, асты сақтауға пайдалы. Тамақ ішкенде ерін күйіп қалмауға себеп болады. Тез суып кетпейне, дәмнің бұзылмауына әсер етеді.

Жасөспірімдердің ой-өрісі тарылып, ешнәрсеге мән бермеуі, қызықпауы, қылымы жасауы көбейіп отыр. Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған за-

ұлттық дүниелерімізді әлем елдеріне таныта да, көрсете де алдық деп ойлаймын, – деді.

Қазақ халқының ұлттық өнерін сүюге, құрметтеуге баулу арқылы бүгінгі шәкірттерді ертеңгі еңбеккер, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуге әбден болады. Шәкірттердің жүрегіне жол тауып, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру – қазақ қолөнерін жас жеткіншектің санасына жеткізудің құралы.

Жоғарыда көтерілген мәселелер шешімін табу үшін, мектепте қолөнерге үйрететін ұстаздың біліктілігін арттыру, оларға шығармашылықпен жұмыс жасауға арнайы кабинет беру, қажетті материалдар алулы мемлекет тарапынан қаржыландыру қажет. Ұлттық өнер мен мәдениетке деген қамқорлықты күшейту керек. Сонда ғана дәстүрлі өнеріміздің өркен жаятыны анық.

Арайлым ӨМІРБЕК,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.

Қолөнершілер тәжірибе алмасты

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да «Руханият және дәстүр: қазақ халқының ұлттық қолөнері» шарасы өтті. Тұңғыш Президент-Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында ұйымдастырылған шарда аймақтағы қолөнер шеберлері өзара тәжірибе алмасты. Тәжірибе алмасу сағатына Дәстүрлі өнер институтының «Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері» кафедрасының профессор-оқытушылары қатысты.

Аймақтағы кәсіби қолөнершілер мен білім алушылар арасында тәжірибе алмасу, кәсіби қолөнерді насихаттау және

қолдау әрі рухани құндылықты нығайтуды мақсат еткен отырыста облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әлима Әбдіхалықова сөз сөйлеп, ұлт құндылығына қатысты өз ойын жеткізді. Сондай-ақ, ҚР Қолөнершілер одағының мүшелері Жәнібек Маханбет, Пахрадин Садықов, Қанықұл Берденқұлова, Бақытқұл Райымбаева, Мырзабек Қаныбаев, Мұрат Жәрімбетов сияқты ағаш пен кілем тоқу шеберлері өзара пікір алмасып, ұлттық қолөнердің маңызына тоқталды.

– «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» деген халық даналығы. Әлемдегі әр жұрттың өзіндік ұлттық өнері болады. Қазақ қолөнері адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік-моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезіміне, алға қойған мақсатының

айқындалуына әсер етеді. Ұлтымыз «Жігітке жеті өнер де аз», «Аталық айтар ісін болсын» деп, өнерді құдіретті күш, рухани байлық, адамның жан серігі деп бағалаған, – дейді шараны ұйымдастырушы, «Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының докторы, педагогика ғылымдарының докторы Гани Байұлов іс-шараның маңызын, сондай-ақ университетте дәстүрлі өнер институтының құрылғанын айтып, қонақтарға алғысын білдірді. Шеберлер де білім алушыларға өз бұйымдарынан қалыптасуына, эстетикалық табыстады.

Е.БЕКМЫРЗАУЛЫ,
«Сұр бойы».

Сапалы өнімге сұраныс бар

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына қармақшылықтар да біркөксейді аталысын келеді. Идеясы бар, талапшыл жандарды қолдап, кәсіби дамытуға демеуші бағдарламаның қарқыны да жоғары. Жетілдікті пайдаланып, кәсіп ашқан жандардың бірі – жосалылық Ләззат Балтоқаева.

Дәулет ҚЫРДАН.

Ауданда азық-түлік өнімдерімен айналысатын «Руслан» жеке кәсіпкерлігін білмейтіндер аз. Осылай тіркеліп, тіршіліктің түйткілін шешіп жүрген Ләззат «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы 2 млн теңге несие алған. Бүгінде ол тұшпара түйіп, тұрғындар тұтынатын сапалы өнімді шығарумен айналысуда.

– Тұшпараның дәмді шығуы тек етіне емес, қамырына да байланысты. Ол қалың да, жұқа да болмай біркелкі жайылу керек. Еңбегіне қарай нәпақасын беремін деп қамыр жаюға қыз-келіншек іздесем таппаймын. Қазір жеңілді астымен, ауырдың үстімен жүретіндер көп. Қайтарымсыз грантка қол жеткізсем деген мақсат бар. Егер жолым бола қалса, мына цехты заманауи үлгіде қайта жөндеуден өткіземін. Арнайы аппаратсыз істеген ісін өнбейді. Грант негізінде қамыр жаятын құрылғы сатып алғым келеді. Бәрі де жобаның маңыздылығына қарай ғой. Адам болған жерде азық-түліктің қажет екенін білесіз. Сондықтан осы мақсаттарға қарай қадам бастым, – дейді

кәсіпкер.

Несие қаражатына ол ет тартатын, қамыр илейтін құрылғы мен дайын өнімді сактайтын мұздатқыш сияқты заттар алған. Шикізат та өздерінен. От-ағасы Жаңабек Бармаков ірі қараны арықтай алып, әбден бағады. Осылайша олар өздерін етпен қамтамасыз етуді де ойластырған.

– Бір күнде 20 келідей ет тартып, одан 120 қалта тұшпара дайындаймын. Бұл ғана емес, тефтель, котлет сатып, пайда қыламын. Күнделікті өткізіп тұратын дүкендерім бар. Таза сныр етінен жасалады, сондықтан болар, әзірге шағым жоқ, – дейді Л.Балтоқаева.

Осынау өнімді әзірге жалғыз дайындап жүр. Десе де келген тапсырысты дер кезінде орындап, тұтыншылар сенімін иеленген. Болашақта үлкен кәсіп ашып, ойындағы арман-мақсатқа жеткісі келеді.

– Бастысы – клиенттің көңілі. Бір мәрте көңілі қалған жан екіншілей есік қақпайды. Сондықтан, шаршасак та, талсақ та берілген тапсырысты орындауға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. «Өзін ісінді дамыт, дамытпасаң, басқаға жол бер» деген нарық заңдылығы



Бар. Мықты кәсіпкер болу үшін нарықпен санасу керек, – дейді ол. Сұранысқа сай өнім дайындау сападан басталады. Бастысы, елге қажеттіні кәсіп қылып ашу керек. Сөйтсе сұраныс та жоғары болады.

дау сападан басталады. Бастысы, елге қажеттіні кәсіп қылып ашу керек. Сөйтсе сұраныс та жоғары болады.

Нәзік жандардың таудай талабы

Жуырда өткен облыстық ауыл әйелдер форумы елімізде кәсіпті дөңгелетіп жүрген нәзік жандардың есімін көпке танытты. Форумның негізгі мақсаты да осы, яғни, кәсіпмен жетістікке жеткен ауылдардағы кәсіпкер әйелдердің жетістігін насихаттау. Форумға қатысқан кәсіпкер әйелдердің бірі – көпбалалы ана Ақтоты Абдуова.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Кішкентайларын балабақшаға апарғанда бүлдіршіндер үшін орын жеткіліксіздігін байқаған ол осы оқылықтың орнын толтыруға үлес қоссам деген ойды естен шығармады. Ойға алған іске алғашқы қадам жасап та көрді. Балабақша үшін ең алдымен ғимарат керек екені сөзсіз. Түзелетіні бел буып екінші деңгейлі банктерден несие алып, шаңырағын балабақшаға бейімдеп жабдықтады.

Тынымсыз еңбек нәтижесіз емес. Шағын үй тәуір балабақшаға айналды. Уақыт талабына сай етіп жабдықталған, 75 орындық «Бак-Нүрбек» балабақшасы 2017 жылы пайдалануға берілді. Тұрғындардың қуанышында шек жоқ. Себебі, бұл – бүлдіршіндер үшін балабақша, жұмыс таппай жүргендер үшін жана жұмыс орны еді.

Уақыт өте келе кенттің кішкентай тұрғындары үшін әлі де балабақша жеткіліксіздігі сезіле бастады. Бұл кезде біраз тәжірибе жинаған Ақтоты екінші бақшаны ашуда аса қиналмады. «Аяла» 50 орындық балабақшасы да кішкентайларға толды. Кәсіпкердің енді-

балабақшадан тыс қалмауын назарда ұстады. Бүгінде екі балабақшада 30 тұрмысы төмен отбасы балалары ақсыз тәрбиеленуде. Биыл мұнда мектепке дейінгі даярлық тобы ашылған. Бұл да – уақыт сұранысы. Уақыт көшіне ілесіп білуді мақсат еткен Ақтоты кәсіпкерлер палатасы аудандық

мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық жасап келеді. Аудандық іскер әйелдер ассоциациясының төрайымы ретінде кәсіпкерлікке бейімі бар нәзік жандарға бағыт-бағдар беруде белсенді жұмыс жүргізуде.

– Әйелдер форумы отбасы, бала тәрбиесімен қатар кәсіп-



гі ойы – сапалы тәрбие беру. Кішкентайларын сеніп тапсырған ата-аналар өзіне жауапкершілік жүгін артқанын сезінген Ақтоты Абдуова қос балабақшаның уақыт талабына сай, жоғары деңгейде қызмет көрсетуі үшін еңбек етті.

Бұл орайда халық тұрмысымен санасқан кәсіпкер тұрмысы төмен отбасы бүлдіршіндерінің

филиалының көмегіне жүгініп, жақында Түркиядан аға сенорлар шақыртты. Олар балабақша мамандарына кішкентайларға ағылшын тілін үйрету бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Көпбалалы кәсіпкер қоғамдық жұмысқа белсене араласуды. 2015 жылдан «Болашаққа қадам» қоғамдық бірлестігінің негізін қалап, ардагерлер мен

ті дөңгелетіп жүрген іскер әйелдер еңбегін насихаттауға бағытталды. Бұл шарда жолындағы кедергілерге қарамастан тәуекел етіп, іс бастаған еңбеккер нәзік жандардың өмір жолы, еңбегі тәңгі етті, – дейді ол.

Форумда Ақтоты Абдуова облыс әкімінің марапатына ие болды.

МЕРЕЙ



Ұстаз сенімі шәкіртке кез келген атақтан қымбат

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, әдебиеттің ғалымдар арасында өзіндік мығым орны бар зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Темірхан Тебегенов сынды ұстазын ойға түссе, енесімді еріксіз тіктей бастаймын. Өйткені, оның ғылымға деген адалдығы, ерінбейтін-жалықпайтын ізденістігі, қандай жағдайда да мүжіліп-мұқалмайтын өмірге деген құштарлығы, адам баласын аламайтын асыл қасиеті шәкірттерге үлгі. Ұстазға тән мұндай орынқты мінезді қалыптастыруға ұзақ жылғы педагогикалық қызметтің он әсер еткені тәсілдікті.

Темірхан Сақаулының педагогикалық қызмет пен ғылымдық ізденісті бір арнаға тоғыстырып келе жатқанына қырық жылға тауа уақыт болыпты. Мектеп мұғалімінен бастап, ғылым докторына дейінгі аралықта мыңдаған шәкірт тәрбиеленді. Талапты шәкірт жүрегіңдегі жылтыраған шоқты тілдескен сәтте-ақ аңғара қойтын сұңғыла ұстаз жоғары оқу орнына оқытушы боп орта мектеп тәжірибесінен өтіп, ысылған шағында келді. Содан ба екен біз, шәкірттері, оның ғылымдық жолымен бірге ұстаздық асыл қасиеттерін де айрықша атап айтамыз.

Ол әдебиет деген киелі дүниені шәкірт жүрегіне құя жүріп, сабақтан тыс уақытта үнемі студенттер арасынан табылатын. Институтта күн құрғамай жыр кештері, ақын-жазушылармен, өнер адамдарымен кездесу өтіп жататын. Сондай шаралардың басы-қасында Темірхан ағай жүреді. Оған жұмсаған уақыттын зая кеткенге санамай, қайта ерекше бір бақытта бөленіп, шабыттана түсетін. Бұл кез келген оқытушының қолынан келе бермейді. Қызылорда пединститутындағы Зейнолла Шүкүров атындағы әдебиет және өнер бірлестігінің әрбір отырысы қызықты өтеді. Ол осылайша талай талапкердің шырағын жақты. Бірді-екілі өлеңімен көрінген студент ақындарды көтермелеп жыр кештерінде өлең оқытатыны, балаң өлеңдерімізден жыл етіп байқалған ұшқынды үрлеп лаулауы, бізді көздімді ақын қатарына қосып, аспандағы ұстазымыз бізге шыныда талай талапкердің шырағын жақты. Бірді-екілі өлеңімен көрінген студент ақындарды көтермелеп жыр кештерінде өлең оқытатыны, балаң өлеңдерімізден жыл етіп байқалған ұшқынды үрлеп лаулауы, бізді көздімді ақын қатарына қосып, аспандағы ұстазымыз бізге шыныда талай талапкердің шырағын жақты.

Ұстазымыздың алдырт жақтың алға ұмтылған талабына дем беріп, желеп-жебеп жүретін асыл қасиеті кейінгі қызмет орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде де жалғасын тауыпты. Бүгінде ақын ата-ның жүрген Саят Қамшыгер, Бақыт Беделхан сынды жұлтыр – Темірхан

ағай баулып, додаға салған талапты жастар.

Студенттердің тырнақалды дүниелері түгілі, сақа ақын-жазушылық шығармаларын жариялайтын жер таппай жүретін сол бір сексенінші жылдары Темірхан ағайдың қолдауымен факультетшілік «Үкілі үміт» атты альманах шығарғанмыз, сірә да, ұмытылмақ емес. Студент жастардың жазған-сызғанын жариялайтын көзделі басылмаға айнала бастап еді-ау сол «Үкілі үміт». Ол кезде қазіргідей компьютер қайда, қазақша әрпі бар машинканың өзі қат. Табанымыздан тозып жүріп қазақша машинка тауып бастыраған жалғыз дана журналымызды ротапринттен көбейтеміз. Осының бәрін ұйымдастырып, ақыл-кеңесін айтатын да, керек десеніз, білекті сыйынып тастап, бар шаруаны бір өзі тындырып тастайтын да Темірхан ағай. Біздің – «Үкілі үміт» «Әдеби қызметкерлерінің» бар бітіретін ұстаздың сонынан топырақ еру ғана. Альманахты елу дана етіп ротапринттен көбейту жұмысына бірталай ақша төлеу қажет. Бірақ, бізге салмақ салмай, ағай ол ақшаны өз қалтасынан шығаратын. Демеуші деген сөз қазіргідей мағына бере қоймайтын сол жылдары ұстазымыз бізге шыныда талай талапкердің шырағын жақты. Бірді-екілі өлеңімен көрінген студент ақындарды көтермелеп жыр кештерінде өлең оқытатыны, балаң өлеңдерімізден жыл етіп байқалған ұшқынды үрлеп лаулауы, бізді көздімді ақын қатарына қосып, аспандағы ұстазымыз бізге шыныда талай талапкердің шырағын жақты.

Қызылорда пединститутын бітірген студенттің сол оқу орнына мұғалім боп қалуы тәжірибесін тұңғыш енгізген де осы кісі. Оның табандылығы арқасында тоқсаныншы жылы оқуды үздік бітірген Қалдығұл Есенова, Базарқұл Раманқұлова және мен диплом ала сала институтқа оқытушы болып қалдық. Қалдығұл – қазір филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының белді ғылыми қызметкері. Базарқұл де – тәжірибелі мұғалім. Ақын-жазушылық, ғалымдық жолды талдап, есімдері елге танылып қалған бір шоғыр

шәкірттері, республика мектепте рінде әдебиет пәнінен жас жеткіншектерге сабақ беріп жүрген мыңдаған ізбасары тағы бар.

Ол кафедра меңгерушісі боп тұрған жылдары факультетте араб тілі пәні оқытыла бастады. Бұл пәннің қажеттілігін ғылыми кеңесте дәлелдеп, институт басшылығының көзін жеткізген де, Алматы мен Қызылорда арасында шапқылап жүріп, ҚазМУ-ды бітіргелі тұрған араб тілінің жас мамандарын үгіттеп, Қызылордаға келуіне ұйытқы болған да өзі. Сөйтіп жүргенде үміт күткен үш шәкірттің бірі – мен келетін нәдей бұзылып, педагогика саласынан іргемді аулақ салып, журналистикаға біржола ауысып кеттім. Ұстазымын оған өкпелеп, ренжігені де, кейін журналистикадағы алғашқы табыстарыма шын қуанғаны да рас. Кезінде осы оқу орнында ағайдың өзі дәрісін тыңдаған ұстаздары, көрнекті ғалымдар Әуелбек Қоңыратбаев, Нұрлыбек Жүнісов, Әнес Жақыпов, Әли Байжоллов, Медеуәлі Бимағамбетовтер қалыптастырған ұстаздық мектепті одан әрі нығайтақ болған ізгі ойына атүсті қараппын ғой.

Ол 1989-1992 жылдары институттағы оқу-тәрбие жұмыстарын үйлестіріп, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы республикалық басқармасының мүшесі болды. Облыстық «Қазақ тілі» ұйымы басқармасының төрағалығына сайланды. Қызылорда қаласында қазақ тілінің мемлекеттік тұрғыда өз деңгейінде қолданылуы үшін күресті. Ұйымның басшылығы «Ана тілі» газетінің оқу орындары мен мекемелерде көптеп тарауына атсалысты. Осындай ұлттың сүйген азаматтарының арқасында «Ана тілі» газеті сол жылдары республикадағы ең көп тарайтын басылмаға айналды.

Тегінде ұстаздық қызмет пен ғылым зерттеушілік жемісі бір күнде жарқ етіп көріне алмайды. Ол – ұзақ жыл талмай ізденудің, жалпыай еңбектенудің нәтижесі. Бүгінде жетпіс жасқа жетіп отырған Темірхан Сақаулының тыңдырған ісі де орасан. Алматыдағы өзі ұстаздық ететін университет ақуымынан шығып, арнайы шақыртумен ҚХР астанасы – Бейжіңдегі Орталық Ұлттар университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы зерттеулерінің методологиясы», «Қазақ әдебиетінің эстетикалық табиғаты», «Шетел әдебиетінің тарихы» пәндерінен дәріс оқыған.

Қоғамдық жұмыстары да бір төбе. «Қазақ және әлем әдебиеті» журналынан соң «Жамбыл әлемі» газетінің бас редакторы, «Қармақшы ауданының Құрметті Азаматы», «Ыбырай Алтынсарин», ТҮРКСОЙ-дың, Қырғыз Республикасының «Тоқтағұл Сатылғанов – 150», «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық бірлестігінің «Ел ардақтысы», Қазақ хандығының бас батыры «Текей батыр», Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Үздік тұлға», «Қорқыт ата атындағы», Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абай» медалдарымен, Жамбыл атындағы Халықаралық, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлықтарымен марапатталған.

Қазір жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің студенттері пайдаланып жүрген «Халық ақындары», «Шетел әдебиеті тарихы», «Әдебиет тарихының мәселелері», «Әдебиет тарихы», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» сияқты оқулық кітаптары мен монографиялары, екі кітаптан тұратын «Әлем әдебиеті» хрестоматиялық оқу құралы және бес жүзден астам зерттеу мақалалары – ұстазымыздың талайтын ізденімпаз екенінің айқын дәлелі.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы.



Теңіз бесігінде тербелген

Қаламгер болған соң Сыр аймағының түкпір-түкпіріне іссапарлап, бітім-болмысы бөлек тұлғалармен түз-дәмдес болып, ашық-жарқын әңгімелесеміз. «Жақсының шарапаты жалпақ елге жетеді» деп қазақ айтқандай, бар ғұмырын ұрпаққа ұлағат етуді мұрат тұтып, ізгілік шуағымен жадыраған жандардың артында өшпес із, өлмес мұра қалады. Осындай айтулы ақсақалдардың бірегейі, текті әулеттің тұяғы, бүгінде 80 жасқа толған Кішкене Айбосынов десек, ақиқат жолынан жаза баспаған болармыз.



«Біздің ауыл – Арал теңізі жағасына қоныс тепкен «Бірлестік» ауылы, бертін келе Жамбыл атындағы балық қолхозы аталатын. Ол кезде Арал теңізінің ақбас толқындары жарыса жүйткіп, жағаны ұрғылап жататын. Аспанда ақ шағалалар шаңқылдай ұшып, теңіз төскейінде аққулар сылана жүзіп жүретін. Әсіресе, мұрныңды жарып, тынысыңды кеңейтіп жіберетін жусан иісін айтсаншы.

Ұмытпасам, 5-сыныпта оқитын кезім. Ауылымызға газет-журналды «Попов» атты темір кеме таситын. Күн сайын сәскеде кеме жаңғырығын асыға күтуші едік. Кеме қалай жаңғырық салды, солай хат тасушы кеуеміз есектегі қайыққа отырып, газет-журналды алып келетінбіз. «Қазақстан пионері», «Балдырған» газет-журналарында жарияланған жазбаларымды көріп, бір маркайып қалатынымын. Бір күні Аққали көкем:

– Балам, мына Сексеуіл деген елді мекенде тұп нағашын Дәуренбек атты ақсақал бар. Қаламың ұшталсын десең, сол кісінің батасын ал. Дәукең оқығаны мен тоқығаны мол алам. Ал, кеттік, – деп мені ат артына мінгізіп алды.

Түс ауа Дәуренбек ақсақалдың үйіне де келіп жеттік. Жасы жетпіс жетідегі Дәукең үй сыртындағы сәкі үстінде том-том кітапты паракатп отыр екен. Аман-саулық сұрасқан соң арнайы ат басын бұрағымдызды айтып, ақсақалдың батасын алдық.

Кішкене аға жайлы жазбас бұрын тегі жайлы аз-кем айтпасақ болмас. Кішкенең әкесі Дәуренбек ақсақал – 95 жыл ғұмыр кешіп, артында өшпес із, өлмес мұра қалдырған аулы жан. Заманында балық қолхозының басқарма бастығы, балық зауытының партком хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін абыройлы атқарып, өнегелі өмір жолымен жаза баспай жүрген Дәукең есімі ел есінде. Ал жұбайы Ақбөпе үй шаруасында болып, 92 жыл ғұмыр кешті. Қосағымен қоса ағарған қос бойтерке өмірге 4 ұл, 3 қыз әкеліп, тәлімді тәрбие беріп, ұлдарын қалдырған қыяғ қондырды. Бүгінде есімдері елге танымал болған Шыңғыс, Кішкене, Жақау Дәуренбековті білмейтіндер кемде-кем болар. Шыңғыс пен Кішкене ағаларымыз кезінде партия, кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарып, бүгінде бейнәттің зейінін көріп жүрсе, Жақау – қарымды қаламгер, белгілі жазушы. Ендеше, ендігі сөз кезегін Кішкене Айбосыновтың өнегелі өмір жолына берелік.

Кішкене 1939 жылдың қараша айында кезіндегі Қазақстан аталатын балықшы ауылында өмір есігін ашты.

– Ол кезде біздің ауылдың айналасы қол болатын, яғни «Үшкөл» аталатын. Ақбас толқындары жағаны ұрғылап жататын теңіз жағасына қоныс тепкендіктен, «Сарыбасат» атты балық зауыты болды. Таң білінер-білінбесте толқындар теңізде төскейіне кеткен балықшылар кешүрмек қайық тола балықты зауытқа тапсыра-тын. Бүгінде «Үшкөлдін» ғана емес, теңіздің тартылағы да көңіліме кіріп ұялатады. Елбасының тікелей бас-тамасымен «САРАТС» жобасының іске асуы ертеңгі күнге күдікпен емес, үмітпен қаратады, – дейді Кішкене.

Иә, айтса айтқандай, теңіз бесігінде тербетіліп өскен ол ерте есейді. 1957 жылы Сексеуіл кентіндегі №47 теміржол мектебінде онжылдық дәріс алған ол Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетіне оқуға қабылданып, 1962 жылы математик-програмист мамандығын иеленді. Кішкенең еңбек жолы кезіндегі Кеңестер Одағы Қорғаныс министрлігінің жолдамасымен әскери полигонда инженер-програмист болудан басталды.

– 1965 жыл болса керек. Сол кездегі Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тәкей Есетовтің шақыртуымен аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне келдім. Шынымды айтсам, жастармен жұмыс істеу арқылы жинақтаған тәжірибе оң нәтижесін берді. Арал аймағындағы комсомол-жастар арасындағы саяси-тәрбие, мәдени-әлеуметтік шаралардан қалып қалмаушы едік. Әсіресе, жастарды аралдықтың ата кәсібі – балық шаруашылығы мен мал шаруашылығына тартып, азық-түлік молшылығын жасауға бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жүріп аралас-тынбыз, – дейді ол.

Кейіпкерімздің өмірдерегіне көз салсаңыз, сауатты да салауатты, білікті де білімді азаматтың басшылық қызметте сатылап өскеніне тәнті боласыз. Таудай талабы бар жігіт алға қарай талпына түсті. Жасықдан үйренді, жаманнан жіренді, яғни өзін-өзі шыңдады. Білмегенін өмір үйретті, қателескен жерін өзі түзетті. 1972-1974 жылдары білімін жетілдіру

мақсатында Алматы Жоғары партия мектебінен тәлім-тәрбие алған ол Арал аудандық партия комитетінің партия комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындалды. Осы қызметті он екі жыл бойы абыроймен атқарып, 1986-1990 жылдары аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, ал 1990-1991 жылдары аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарды.

– Маған, – дейді үзілген әңгіме жібін қайта сабақтаған Кішкене, – заманында жүркіреп тұрған парткомиссия мен халықтық бақылау комитетінде ұзақ жылдар қызмет жасағандықтан, жүктелген міндеттің жауапкершілігі мол болатын. Әсіресе, кадрлар арасында орын алған келіссіз әрекеттерді, психологиялық ахуалды мұқият зерттеп, таразыға салушы едік. Шынымды айтсам, кейбір келіссіз шаруашылықтар мен мәнісі кеткен мекемелердің басшылары қызметтерінмен қой айтысып, орындары іскер де қабілетті кадрлармен толықтырылғанын өз қолданбалды қалдырғанын бар. Осыларды іске асыру нәтижесінде аудан тұрғындары мен басшылықтағы кадрлар арасындағы аралдықтықтар мен түсінбеушіліктер әжептәуір азайып, психологиялық ахуал жақсары түсті. Содан болар, 1990 жылы аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне тағайындалдым.

Сөз кезегінде ағам:

– Кішке, сіздің өмірлік тәжірибе жинап, өркен жаюыңызға шарапаты тиген тектілер болған шығар? – деген сауалымызды тастағанбыз.

– Болғанда қандай. Тәкей Есетов ағамыздан тәлімді тәрбие алдым. Оның қарамағында қызмет атқарған жылдары көп нәрсені ұғына білдік. Ол кісінің киім киісі мен жүріс-тұрысына қызыға қараушы едік. Ал, қызмет үстінде қандай да бір мәселені қарағанда орайын келтіре шешім қабылдайтын. Талқылауды созыланға салмай, нақтысын ғана айтатын. Қоңыр даусымен салмақтап айтқан сөздері тиісті адамға балғамен ұрғандай дөп тиіп жататын. Содан болар, біз Тәкенге қарап бой түзеуге тырысып бақтық. Бір сөзбен айтқанда, байыпты да байсалды Тәкен өзгелерден оқ бойы озық, текті тұлға екендігін айтпай-ақ аңғартушы еді.

Сондай-ақ Арал ауданы басшылығында болған Болаш Уәлиев ағамыз туралы да көңілімізде жүрген ілтипағымдыз ұрпақтарға ұлағат ету – бізге парыз. Бұл кісі мені аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметіне тағайындаған. Тонның ішкі бауындай бірлесіп жүріп қызмет жасадық. Бөкеннің бойында адалдық, адамгершілік, жүктелген іске аса жауапкершілікпен қарайтын ізгі қасиеттер үйлесімді ұштасып жататын. Тумысынан турашыл, ақиқатты ғана мұрат тұтушы еді. Елшімнің ізіне шын ала жүріп түспейтін, қудалау дегенді білмейтін. Осындай айтулы азаматтардан тәлім-тәрбие алғанымды күні бүгінге дейін мақтаныш ететімін. Айтқандай, Тәкен мен Бөкен басшылықта болған жылдары аудан мал шаруашылығы саласында Қазақстанда ғана емес, Одақта жыл сайын көк басында тұратын.

Кішкене ағамыз жақсы жандармен қызметтес, сыйлас та сырлас болғанын да мақтаныш етеді. Сара-лап айтар болсақ, Кішкене Сейілбек Шаухаманов, Абылай Айдосов, Болат Қарғабаяв, Аманкелді Құдайбергенов, Сатула Сәдуақасов қызметтес болған сағымшы есе алады.

– Ол кезде аудандық комсомол комитетінің белсенді мүшесі ретінде мен Қамбаш елді мекеніндегі орта

мектепте қызметте болатынмын. Бір күні аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Айбосынов Кішкене ағамыздан шақырту келді. Барғанында күшқак жағарсы алған ол кезінде дүркіреп тұрған «Аралбалық» өнеркәсібі комсомол комитетінің (аудандық комитет құрылды) хатшысы қызметіне кандидаттарды ұсынды. 1500-ден аса комсомол мүшесі бар мұндай іргелі салада жастар хатшысы болып бару екінің бірінң басына бұйыра бермейтін бақ болатын. Құп алдым. Менің өсіп, өркен жаюыма алғашқы баспалдақты салып берген Кішкене болатын, – дейді.

Іскер де талапшыл, саяси сауатты, сарабал азамат аудан ахуалын жақсартуға қомақты үлес қосып, өзіндік қолтанбасын қалдырған. 1963-1992 жылдар аралығында халық депутаттарының Арал аудандық кеңесінде депутат, ал 1965-1991 жылдары аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған Кішкене ел-халықтың аманатын орындаудан, бюро мәжілісінің қаулысын, пленумдарда хатшының баяндамасын дайындаудан, облыстық алқалы жиындарда сөз сөйлеуден, қайсыбірін санамалап айтсарсың, қандай бір шарашан болмасын қағыс қалмаған. Парашау дегенді білмеген.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Жіңішкекүм» совхозының директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметтерін атқарып, саланың тоқырау жылдары аяғынан тік тұруына да өз үлесін қосты. Бертін келе «Баршақұм» ауыл шаруашылығы акционерлік қоғамының президенті, аудандық «Алтын жинау орталығының» директоры қызметтерін абыройлы атқарып, еңбек демалысына шықты. Кішкене аға Айбосынов бүгінде аудандық ардагерлер кеңесі төрағасы қызметінде қоғам өміріне бір адамдай атсалысып-ақ жүр. Ардагерлер арасындағы жұмыстарды уақыт талабына сай жүргізе отырып, қоғамдық ұйымдармен, әкімдіктермен тығыз байланыс жасауды мұрат тұтқан.

Сөз орайы келгенде айтқанымыз жөн болар, Кішкене ағамыздың қай саладағы болмасын еңбегі ескеруісі қалған емес. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүргенде бір емес екі мәрте Бүкілодақтық лениншіл-комсомол жастар одағының «Құрмет грамотасын» алып, 1970 жылғы осы одақтың XVI съезіне делегат болып қатысуы тектен-тек болмаса керек. Сондай-ақ Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указымен берілетін «Құрмет грамотасын» да екі мәрте иеленген. Кішкенең кеудесінде кезіндегі Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесінің указымен берілген «Ерен еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» қос бірдей медал бар. «Қазақ ССР-нің 50 жылдығы», «Астана қаласының 20 жылдығы» мерекелік медалдарын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, халық депутаты тарапы облыстық Кеңесі, Қазақ ССР Халықтық бақылау комитеті, облыс әкімі мен мексикатаның Құрмет грамоталарын алған. Кішкене аға – Арал ауданының Құрметті азаматы.

Кішкене өмірлік жыр таңдауда да жаза баспапты. Екі жақсы қосылып, өренді де өнегелі отбасы болды. Құдай қосқан қосағы Тыныштық екеуі өмірге алтын асықтай ұл мен қыздар өмірлене. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, олардың бір дерлік жоғары білім алып, сан алуан салаларда қалтқысыз қызмет етіп жүр.

Кішкенең әңгіме соңында:

– Кішке, ұрпақтарыңызға дана-ғойлікпен дәріс, батағойлікпен берер бағыт-бағдарыңыз бар болар? – деген сауалымды тастағанбыз.

– Шүкір, – дейді Кішкене аға, – жасым келсе де, жігерім жасымаған. Жоғарыда айтқандай, бүгінде аудандық ардагерлер кеңесі басшылығындамын. Содан да ұрпақтарға айту ұлағатымыз жетерлік. Айтайын. Біздің заманда ұрық-қарлық, зорлық-зомбылық, ұрыс-керіс, мансап-қорлық пен бәсекелестік, біреуді аяқтан шалу деген ойымыз түглі түсімізге кірмейтін. Мемлекет мүлкін ұрлау, болмаса аныпшап-шапылып жатқан мал-мүлікті бас пайдасына жаратушы жан болмайтын. Қайта бір-біріне қамқор қолын созатын. Ал, бүгінде халықтың емес, қара басының қамын ойлап, ақ жолаң жаса басын жүрген жандар баршылық. Біз жасарымызды жасалдық, асарымызды асалдық. Еліміздің ертені – ұрпақтары айтармын: ел-халық үшін қолыңнан келер іс қылсаң, құрметке болыңсың.

Адамның атын тану онай да, қиын екен. Адамгершілігін тану аса қиын екен. Оның өмірлік жолында қуаныш та, реніш те, ерлік те, оны айтсаңыз еңсе түсіріп, еңкейтер сындары сәттер де болады. Бұл – өмір заңы.

Міне, бүгінде сексен жасқа толып отырған Кішкене аға Айбосынов та осындай өмір заңымен жаза баспай жүріп келеді. Ол кемеліне жетіп, ақылы мен парасаты арқасында айналасына жан шуағын шаушым жүріп келеді, жүре бергейсің...

Еркін ӘБІЛ,
Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі.

Өнеге өрісі

«ОНЕГЕ» жобасы - Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Азаматтық бас-тамаларды қолдау орталығы» мемлекеттік грантының аясында жүзеге асырылады. Аталған жоба бойынша облыста жұмыс жасайтын отбасы құндылығын сақтау орталығы форум ұйымдастырды.

Форумда «Отбасы – берекелі тұрмыс негізі» тақырыбында кен ауқымды әңгіме өрбіді. Жынның тізгінін ұстаған облыс әкімі аппараты жанындағы «Қоғамдық келісім орталығының» қызметкері, «Бойтұмар ханым» қоғамдық қорының жетекшісі Р.Ахметова келешек қоғам өкілі – бүгінгі ұрпақты тәрбиелеу

бағытындағы тұжырымды ойын айтып, отбасы құндылығын сақтаудың сыр-сипатына қатысты өмірлік тәжірибесін бөлісті. Жалпы форумда ұлттық ұстаным, елді-тұрпы, тәлім-тәрбие төңірегінде мағыналы пікірлер айтылды. Көпбалалы отбасылардың, оның ішінде өз-өзін жұмыспен қамтып отырған отбасылардың тәжірибелері насихатталды. Атап айтқанда, «Podag-King», «Сувенир - Қызылорда» сынды жеке кәсіп иелерінің қолынан шыққан бұйымдар көздің жауын алардай. Ба-сты ерекшелігі, олардың қолынан шыққан бұйымдарда ұлттық бояу басым, экологиялық таза тауарлар. Кәсіп иелері алдына мақсат қойып, оған жетудегі еңбектері жайлы әңгімелеп берді. Осынау насихаттық шара отбасылық қиын жағдайда жүрген аналарға ерекше серпін беріп, бойла-рына үміт пен сенім ұялатқандай бол-

ды. Форум барысында психологиялық сергіту шаралары да ұмыт қалған жоқ.

Форумның екінші бөлімінде арт-терапия ойындары өткізілді. Сол арқылы әлеуметтік қиын жағдайдағы отбасы балаларының мүмкіндіктері анықталып, оларға ағылшын, математика пәндері бойынша қосымша оқыту орталықтарына, сондай-ақ, түрлі спорттық үйірмелерге бір жылға сертификаттар берілді.

Орталық жетекшісі М.Наримова мұндай шаралардың кешенді түрде жалғасып келе жатқанын айтып, өмірдің сан қилы қиындықтарына ду-шар болса да, отбасы құндылығын сақтап, береке-бірлігін арттырып отырған аналардың табандылығын үлгі етті. Оларға ағыс білдіріп, естелік сыйлықтар табыстады.

«СБ» ақпарат.

Балалар суицидке неге барады?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim және Gulum» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде «Балалар мен жасөспірімдер ортасындағы суицид жағдайлары – бәріміз үшін қасірет. Балалардың ол қадамға неліктеп баратынын бәріміз жақсылап ойлануымыз керек. Олардың өмірлік нақты ұстанымдарын қалыптастыру – тәрбие беру процесі аспасының түпкі талабы болуы тиіс» деп мектеп оқушыларының психикалық саулығына ерекше көңіл бөлу керетін атап өткен болатын.

Президенттің балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесіне айрықша тоқталуы еліміздің білім беру жүйесіндегі психикалық саулықты нығайту бағытындағы жұмыстарға жаңа серпін береді деп сенеміз. Өйткені бұл мәселені білім беру және тәрбие жұмысынан бөліп қарастыру мүмкін емес. Соңғы үш жылда «Bilim Foundation» қоғамдық қорымен бірге арнайы бағдарламаны жүзеге асыру барысында түгін ойымыз осы.

2015 жылы БҰҰ Балалар қорының (UNICEF) ұсынысымен республикада алғаш рет көмекке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бағдарламасы пилоттық жоба ретінде Қызылорда облысында енгізілгені белгілі. Бағдарлама тиімділігін көрсетіп, облыс әкімдігі тарапынан толық қолдау тауып, жыл сайын іске асып келеді.

Биыл облыстық білім және денсаулық сақтау басқармалары қор мамандарымен бірлесіп 6 бағытта жұмыс істейді. Бірінші бағыт – «суицид вахтерлерін» дайындау. Суицид вахтерлерін қалыптастыру дегеніміз баланың тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін ересектердің (ата-ана, мектеп мұғалімдері мен психологтар, дәрігерлер, білім мекемелері басшылары) психикалық саулық және жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайы білімін арнайы оқу курстары арқылы арттыру.

Курс барысында қатысушылар психикалық саулықтың негіздері, мінез-құлқындағы суицидальды белгілер, суицидте итермелуші факторлар және психологиялық көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын сөзу жолдары туралы оқып біледі. Биылғы жоспарға сәйкес, алғашқы жартыжылдықта облыс бойынша 201 мектеп және колледж директоры, 2353 сынып пен топ жетекшілері, 10 емханының бас дәрігері, 11 бас дәрігердің орынбасарлары, 56 денсаулық сақтау саласының психологы мен 77 әлеуметтік қызметкер, 28 мектеп инспекторы арнайы семинарларға қатысты.

Екінші бағыт – оқыту курс-

тары мен семинарлар арқылы облыстағы педагог-психологтардың кәсіби біліктілігін арттыру. Биыл мектепке жаңадан жұмысқа қабылданған 46 психолог «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша және 32 педагог-психолог «Денсаулық және өмірлік дағдылар» курсы бойынша оқыды. Сонымен қатар, өңірдегі педагог-психологтарға әдістемелік көмек беру мақсатында облыс бойынша әр тоқсан сайын аудандарда дөңгелек үстел ұйымдастырылып, клиникалық жағдайларды талдау жүргізілді. Клиникалық жағдайларды талдау психологтары өзара тәжірибе алмасуға, қажетті мәліметтер алуға және кәсіби байланысты нығайтуға өз септігін тигізеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың психикалық саулық жағдайы хабарын арттыру – балалардың өмірде өз орнын табуға көмектесу бағытында атқарылып жатқан кеңестің жұмыстың үшінші бағыты. «Bilim Foundation» қоры мен білім басқармасы мамандары арқылы телевизиялық бағдарламалар және баспасөз құралдары арқылы бала психологиясының ерекшеліктерін, ата-ана мен мектептің, мектеп психологтарының баланың тұлға ретінде қалыптасу процесіндегі орны, жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістер жағдайы танымық ақпаратпен және сарапшылық пікірлерімен жиі бөлісіп отырады.

Сонымен қатар, биыл жазғы демалыс алдында облыстағы әрбір аудан мен ауылда «Егер мен білгенімде...» деп аталатын суицидтің алдын алу мақсатында түсіріліп шынайы оқиға негізделген деректі фильм көрсетілді. Нақтырақ айтсақ, 165 аймақ, 280 мектеп, 16 колледжде фильм көрсетіліп, 7955 ата-ана фильміді тамашалады. Көрсетілім сонында психологтың қатысуымен ата-аналар арасында талқылау өткізіліп, бала

психологиясы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, суицидтің алдын алу жолдары және осы бағытта жұмыс жасайтын мекемелер мен мамандар туралы ақпарат берілді.

Келесі бағыт – психологиялық көмекке мұқтаж балалармен тікелей жұмыс. Жасөспірімдердің психикалық, репродуктивті денсаулығын нығайту және өмірлік дағдыларын қалыптастыру мақсатында барлық орта білім беретін ұйымдардың 9-сыныптарына «Денсаулық және өмірлік дағдыларды қалыптастыру» курсы енгізу жоспарлануда. Психологиялық қолдауға мұқтаж жасөспірімдердің өмірге деген құлшынысын арттыру, бос уақытын тиімді пайдалану, өзін-өзі бағалау деңгейін көтеру және оларды қоғамдық іс-шараларға белсенді қатыстыру мақсатында түрлі жастар ұйымдарымен бірлесіп шаралар атқарылады.

Бесінші бағыт – поственция, яғни, суицид оқиғасынан кейін марқұммен туыстық және достық қарым-қатынаста болған адамдарға (ата-аналар, жақын туыстар, құрдастар, сыныптастар, педагогтар) психологиялық қолдау мен көмек көрсету. Билтырғы оқиғаларды талдай келе, поственция бойынша жұмыс алгоритмі биыл өзгерді. Егер бұрын суицид оқиғасынан кейін тек білім беру ұйымдарының жұмыстары зертелініп отырса, қазір әрбір оқиғадан кейін кешенді поственция жұмысы жүргізіледі. Нәтижесінде психологиялық көмекке зәру жасөспірімдер анықталып, шұғыл түрде мамандардың көмегі алды. Суицид орын алғаннан кейін, балалардың, ата-аналардың және педагогтардың бойында маза-сыздық пен үрей ұлғаятыны анықталып, оларға психологтар көмек қолын созды.

Алтыншы бағыт – интернет пен әлеуметтік желілерде бала психикасына кері әсер ететін факторлармен күрес. Жасөспірімдер арасында кибербуллингтің алдын алу мақсатында әлеуметтік желілерде балалардың психикалық саулығына кері әсер ететін топтар мұқият қадағаланып, олардың қызметіне талдау жасалып отырады. Жыл басынан бері әлеуметтік желідегі бірнеше күмәнді топтар анықталып, оларға қатысты іс-қимылдар алгоритмі дайындалды. Сонымен қатар, «Bilim Foundation» қоры әлеуметтік желіде суицидке кейім балаларды анықтау мақсатында жасанды интеллектке негізделген арнайы жоба енгізуді қолға алды.

Қорыға айтықанда, суицид бір адамның, бір отбасының немесе бір әулеттің ғана мәселесі емес. Бірінші кезекте, ол – қоғамның проблемасы. Облыста жүргізіліп жатқан жұмыстар суицидті қоғамдық мәселе ретінде қарап, мемлекеттік мекемелер мен қоғам мүшелері бірлесіп атсалысу арқылы шешуге бағытталған. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесіне айрықша назар аударуы өте орынды және мемлекеттік міндетімізді қайғылы оқиғалардың алдын алуға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Қорыға айтықанда, суицид бір адамның, бір отбасының немесе бір әулеттің ғана мәселесі емес. Бірінші кезекте, ол – қоғамның проблемасы. Облыста жүргізіліп жатқан жұмыстар суицидті қоғамдық мәселе ретінде қарап, мемлекеттік мекемелер мен қоғам мүшелері бірлесіп атсалысу арқылы шешуге бағытталған. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесіне айрықша назар аударуы өте орынды және мемлекеттік міндетімізді қайғылы оқиғалардың алдын алуға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Нұржамал РАХАНОВА,
облыстық оқу орталығының әдіскері.

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің 2 санатты сарапшысы» бос лауазымына конкурс жариялайды.

Аталған қызметке үміткерлерге келесі талаптар қойылады:
Білімі: Жоғары заңгерлік білімі.

- Талап етілетін кәсіби тәжірибесі:** 3 жылдан кем емес немесе ҰКП жүйесіне кіретін ұйымдарда 1 жыл және одан да көп жыл кәсіби жұмыс тәжірибесі болған жағдайда кемінде 2 жыл жұмыс өтілінің болуы;
- КР Конституциясы;
 - КР Кәсіпкерлік кодексі;
 - КР Азаматтық кодексі;
 - КР Азаматтық іс жүргізу кодексі;
 - КР Жер кодексі;
 - КР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
 - КР «Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заңы;
 - КР «Құқықтық актілер тура-

лы» Заңы;
- КР «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;
- КР «Мемлекеттік сатып алу туралы»;
- КР «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы»;
- «КР Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңы;
- «КР Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы;
- осы санаттағы нақты лауазым бойынша мамандануына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін КР нормативтік-құқықтық актілер;
- осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді атқару үшін қажетті өзге де міндетті білімі.

Лауазымдық міндеттермен байланысты белгілі бір саладағы арнайы дағдылары: мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу тәжірибесі, кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін оқта-арту, әртүрлі мекемелерде, салықтық, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарда білдіру тәжірибесінің болуы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобалары және өзге де нормативтік құқықтық актілер тұжырымдамаларына міндетті

сараптаманы жүзеге асыра алуы, жеделдікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік қызмет саласындағы функцияларын бәсекеге ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлей алуы.

Жеке сипаттамалары: дамыған логикасы мен сараптамана жасай отырып ойлау қабілетінің болуы; қойылған міндеттерді шешуге креативті және жүйелі көзқарасының болуы; құқықтық көмек көрсету және заңды тұлғалармен жұмыс жасай алуы; ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс жасай білуі; келіссөздер жүргізе алуы; басқарушылық қабілеті, туынды міндеттерін орындауға қабілеті, тиімді ұсыныс алуы; іскерлік хат алмасуы, іскерлік қарым-қатынас жүргізуі; орындаушылық, ұқыптылық және жауапкершілік қасиеттері.

Түйіндемеі ағымдағы жылдың 12 қарашасына дейін kyzylorda@ataken.kz электронды поштасына немесе Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасына қалдыруыңызға болады. Мекен-жайы: Қызылорда қ., Желтоқсан к-сі, ғимарат 12, 11-кабат, №1105 каб., байланыс тел.: 8 (7242) 40-09-81.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жеке тұлғалардың ең жиі қоятын ТОП-20 сұрағына жауап береді

1. Жеке тұлғалардың мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдарына салынатын төлеу мерзімдері қандай?
Жеке тұлғалар бюджетке:
- жер салығы мен мүлік салығын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қазанынан кешіктірмей;
- көлік салығын есепті жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей төлейді.

2. Салықты уақытылы төлемегені үшін айыппұл санкциялары болады ма?
Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Салық кодекsinде салық міндеттемесін орындаудың мерзімі өткен әрбір күн үшін бересі сомасына өсімізді сомасын есептеуді қоспағанда, айыппұл санкциялары белгіленбеген.

3. Көлік салығын қалай төлеу керек?
Жеке тұлғалар көлік төлеуді тұрғылықты (тіркелген) жері бойынша жүргізеді.

4. Егер салық төлеуші тұрғылықты тіркелген жерін ауыстырса, Шығыс Қазақстан облысына көнсе, ал көлік бұрынғысына Алматы облысында тіркелген болса, онда жеке тұлғалар көлік құралдарына салынатын салықты қайда төлейді?
Салықты тұрғылықты жері бойынша бюджетке төлеуі қажет, деректемелерін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына не 1414 телефон арқылы Байланыс орталығына хабарласып алуға болады.

5. Автомобиль жол-көлік аяғынан кейін бұзылып, пайдаланылмай тұр, осы көлік құралы үшін салықты төлеу керек пе?
Иә, автомобиль иесі әзірге бар және Жол полициясы есігіре есебінен орындарында көлік тіркеу есебінен тұрған болса төлеуі керек. Осындай көлік құралы бойынша салық міндеттемесін орындауды тоқтату үшін оны тіркеу есебінен шығару қажет.

6. Көлік құралдарына салық төлеу кезінде өз атыма қате төлен қойдым, ал автомобиль жүйелімің атына тіркелген. Енді бұл төлемді әдейі-ақ атыма қалай есептесем екен?
Салық кодекsinің 101-бабы 5-тармағына сәйкес салықтың болжеле төленетін төлемін, өсімшудың артық төленген (өндіріп алынған) сомасы басқа салық төлеушінің салықтық берешегін өтеу есебіне есептеуге жағдайы. Бұл адам сомасын қайтару туралы салықтық өтініш бер алады.

7. Егер мен автокөлікті септімек болып сатып жіберсем, салықтар кімге есептеледі: маған ба, әле автокөліктің нақты иесіне?
Жер салығын айқындау үшін жер учаскесінің және (немесе) жер үлесінің алаңы, ал мүлік салығы бойынша – мүлікті бағалау құны салықтық база болып табылады.

8. Егер автомобиль ағымдағы жылғы тамыз айында сатып алынған болса, жеке тұлғалар көлік құралы салығын төлеу қандай мөлшерде жүргізіледі?
Көлік құралы салығының сомасы меншік иесінің атынан оны басқаруға немесе мүдделерін білдіруге ғана құқық береді.

9. Егер автомобиль ағымдағы жылғы тамыз айында сатып алынған болса, жеке тұлғалар көлік құралы салығын төлеу қандай мөлшерде жүргізіледі?
Көлік құралы салығының сомасы меншік иесінің атынан оны басқаруға немесе мүдделерін білдіруге ғана құқық береді.

10. Жеке тұлға қалай және қай жерде өз бетінше көлік салығын есептей алады?
Көлік құралы салығын есептеуді салық төлеушілер өз бетінше мынадай сервистерге өтіп: «Электрондық сервистер» - «Салықуәзір» - «Көлік салығын есептеу» деген параканалдан немесе http://kzd.gov.kz/ru/calc/transport деген тікелей сілтеме бойынша өтіп, http://www.kgd.gov.kz порталын пайдаланумен жүргізуі мүмкін. Автоматты есептеуді жүргізу үшін тиісті ашық қажетті құжаттарды толықтырыңыз.

11. Жер салығын және мүлік салығын айқындау үшін салық базасы қандай?
Жер салығын айқындау үшін жер учаскесінің және (немесе) жер үлесінің алаңы, ал мүлік салығы бойынша – мүлікті бағалау құны салықтық база болып табылады.

12. Жер учаскесін арналған сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда пайдаланушының жер салығын төлеуші ретінде тану үшін негіз болып табылатын не?
Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда пайдаланушының жер учаскесіне қатысты жер салығын төлеуші ретінде тану үшін:

- 1) жер учаскесі мемлекеттік мен-

шіктен берілген кезде – мемлекеттік органдардың жер учаскесін беру туралы актілері;
2) қалған жағдайларда – азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздерде осындай учаскені іс жүзінде иелену және пайдалану негіз болып табылады (СК 499-6.3-т.).

13. Жеке тұлғадан мүлік салығын есептеудің салық базасы?
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша айқындайтын салық салу объектілерінің құны және тұлғалар үшін тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары, гараждар бойынша салықтық база болып табылады (Салық кодекsinің 529-6.1-т.).

14. Ауылшаруашылық мақсатындағы пайдаланылмайтын жерлер бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету қай жағдайда жүргізіледі?
Жергілікті өкілетті органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге базалық жер салығының мөлшерлемесін он еседен асырмай арттыруға құқығы бар (СК 509-6.4-т.).

15. 2015 жылғы қозғалтқыш көлемі 4700 текше см болатын 2010 жылғы Lexus маркалы автомобильді сатып алдым, анысының атына рәсімделді, анысы «Алтын алқа» орденін иеленген, ол көлік салығын төлеуден босатылады ма?
Салық кодекsinе сәйкес қозғалтқыш көлемі 4000 текше см, ағатын және үкілетті органда 2013 жылғы 31 желтоқсанның кейін қайта рәсімделген автомобильдер көлік салығын төлеуден босатылмайды, сондықтан аталған норма көрсетілген адамдарға қолданылмайды.

16. Мен 2-топтағы мүгедекпін, мен көлік салығынан босатыламын ба?
Иә, Сіз 2013 жылғы 31 желтоқсанның кейін көлік құралының меншік иесінің ауысуымен байланысты үкілетті мемлекеттік органдарда тіркелген, қозғалтқыш көлемі 4 000 текше сантиметрден асыптын жеңіл автомобильден басқа, салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша – меншігіндегі мотоқолжасқа және автомобиль бойынша жеңілдікті пайдалана аласыз.

17. Жеке тұлға – мүгедек үшін мүлік салығын және жер салығын есептеу кезінде қандай салықтық жеңілдіктер көзделген?

Хабарландыру

Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Нұрасылова Алмагүл Рахманбердіқызы Қазалы ауданында «4-ші деңгейлі Бюджет» тақырыбында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке қабылдау жүргізеді.

Қабылдау жүргізілетін уақыт: 7 қараша 2019 жылы, сағат 12.00-13.00 аралығы.

Қабылдау жүргізілетін орын: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Пірімов көшесі, 5т, «Nur Otan» партиясы Қазалы аудандық филиалының ғимараты.»

Жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау

Жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылдан бастап кезек-кеземен енгізілетін болады.

Бірінші кезеңде 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайларының, сондай-ақ оларға жеке-түрлірінен адамдардан және олардың жұбайларынан декларациялауды бастау ұсынылады.

Екінші кезеңде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттік қоспайынның қызметкерлері (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т. б. саласын қоспағанда) және олардың жұбайлары.

Үшінші кезеңде 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары, дара кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары.

Төртінші кезеңде 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықтың қалған санаттары.

Бұл ретте әрбір кезеңнің қорытындылары талданып, проблемалық мәселелер анықталатынын және заңнаманы, әдіснаманы және ақпараттық жүйелерді жетілдіру бойынша шаралар қабылданатынын атап өту маңызды.

Жалпыға бірдей декларациялауды енгізген кезде жеке тұлғалардың декларацияларын кім ұсынуға тиіс?
Қазақстанның кәсіпкерлік және азаматтары, орамандар және тұрағы ықтиярхаты бар адамдар;

Кәсіпкерлік болмаған тұлғалар – тұрғын үй құрылысында қатысу үлесі, олардың атына тіркелген мүлкі, банктік шоттарда ақша сомасы, дебиторлық берешек және (немесе) кредиторлық берешек болған жағдайда;

Шетелдіктер – Қазақстан аумағында мүлкі немесе тұрғын үй құрылысында қатысу үлесі болған жағдайда.

Жалпыға бірдей декларациялау кезінде жеке тұлғалар қандай декларация нысандарын тапсыруға тиіс?
Декларациялау жүйесіне енген кезде 250.000-нан асыпатын жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері

туралы декларация ұсынылатын болады, онда меншік құқығындағы мүлікті, соның ішінде пәтерлерді, машиналарды, банкетердегі салымдарды міндеттемелерін көрсету қажет. Кейіннен халық жиі сайын кірістер, сатып алынған мүлік туралы декларацияны тапсыратын болады. Бұл ретте жыл ішінде еңбексіз, зейнетақы, стипендия алған және басқа кірістерді алмаған немесе мүлгін сатпаған тұлғалар қандай да бір құжаттарды қорытынды бір парақтағы қысқаша декларацияны тапсыратын болады. Егер адамның кірістері мөлшері болса, ол толық декларацияны ұсынуы тиіс.

Декларацияларды ұсыну мерзімдері:
Жеке тұлғалардың декларацияны электрондық түрде ұсынуын ынталандыру мақсатында декларацияны ұсынуының 2 мерзімі көзделген:

15 шілдеге дейін – қағаз тасымалдағышта;
15 қыркүйекке кешіктірмей – электрондық түрде.

Жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде қандай қосымша салық шегерістері көзделген?
Жеке тұлғалардың әлеуметтік мүдделілігі мақсатында жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде қосымша салық шегерістері көзделген:

- көпбалалы отбасылар үшін ата-ананың бірінші күнітүзбелік жыл ішіндегі ен төмен еңбекақының 24 еселенген мөлшерінен артық емес көлемінде;
- оқуды төлеуге – күнітүзбелік жыл ішіндегі ен төмен еңбекақының 10 еселенген мөлшерінен артық емес;
- банктік қарыздар бойынша еңбекақының төлеуге – ен төмен еңбекақының 10 еселенген мөлшерінен артық емес;
- медициналық қызметкерге – күнітүзбелік жыл ішінде белгіленген ен төмен еңбекақының 10 еселенген мөлшерінен артық емес.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Өндірістік емес төлемдер басқармасы.

Мүгедектер меншік құқығын органдардың жер учаскесін беру туралы актілері;
2) қалған жағдайларда – азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздерде осындай учаскені іс жүзінде иелену және пайдалану негіз болып табылады (СК 499-6.3-т.).

13. Жеке тұлғадан мүлік салығын есептеудің салық базасы?
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша айқындайтын салық салу объектілерінің құны және тұлғалар үшін тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары, гараждар бойынша салықтық база болып табылады (Салық кодекsinің 529-6.1-т.).

14. Ауылшаруашылық мақсатындағы пайдаланылмайтын жерлер бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету қай жағдайда жүргізіледі?
Жергілікті өкілетті органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге базалық жер салығының мөлшерлемесін он еседен асырмай арттыруға құқығы бар (СК 509-6.4-т.).

15. 2015 жылғы қозғалтқыш көлемі 4700 текше см болатын 2010 жылғы Lexus маркалы автомобильді сатып алдым, анысының атына рәсімделді, анысы «Алтын алқа» орденін иеленген, ол көлік салығын төлеуден босатылады ма?
Салық кодекsinе сәйкес қозғалтқыш көлемі 4000 текше см, ағатын және үкілетті органда 2013 жылғы 31 желтоқсанның кейін қайта рәсімделген автомобильдер көлік салығын төлеуден босатылмайды, сондықтан аталған норма көрсетілген адамдарға қолданылмайды.

16. Мен 2-топтағы мүгедекпін, мен көлік салығынан босатыламын ба?
Иә, Сіз 2013 жылғы 31 желтоқсанның кейін көлік құралының меншік иесінің ауысуымен байланысты үкілетті мемлекеттік органдарда тіркелген, қозғ

ПОЭЗИЯ

Нәзік иірімдер әлемі

Қорық ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын Ғазиза Әбділданов «Ғашықның гүл оранған көктемге» атты шығармашылық кеші өтті.



Шараны іргелі оқу орнының ғылыми-техникалық кітапханасы және Ә.Қонаратбаев атындағы әдеби үйірме ұйымдастырды. Университет оқытушылары Г.Оралова ақын өлеңдерін талдап, ғылыми-танымдық баяндама жасады.

Шараны іргелі оқу орнының ғылыми-техникалық кітапханасы және Ә.Қонаратбаев атындағы әдеби үйірме ұйымдастырды. Университет оқытушылары Г.Оралова ақын өлеңдерін талдап, ғылыми-танымдық баяндама жасады.

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА!

Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректилді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзының қорғаныш қасиеті әсіресе, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белгіленеді.

Шараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс жүйесінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғай алатын, дерттің түпкі себебін жоятын, "Уропротектор" препаратын пайдалануы ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!



Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құраушылар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақыты 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштер: жеке құраушылардың сәйкес келмеуі.

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 727 321 22 92 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.

ӨНЕР

Сахна төрінде – «Сыр самалы»

Тыңдарманның ыстық ықыласына бөленген «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамбліне биыл – 10 жыл. Осыған орай А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Ырғақ рауаңдаған жылдар» тақырыбында салтанатты шара өтті.



Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Мерекелік концертке келушілердің қатары қалың болды. Шарада облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова құттықтау арипа, жылы лебізін жеткізді.

Халықаралық «Jazz Wave Ақтау кз» өнер фестивалінің «Касий джем» джаз музыка байқауының жүлделі орын иегері. Қазір топ құрамында 13 білікті музыкант жұмыс істейді.

ерекше құрметпен қарсы алды. Әрі қарай ансамбль Әділхалық Мұстафаевтың жетекшілік етуімен Кенди Далфердің 30 жыл бойы хит парадтардан орнын бермей келе жатқан «Lily Was Here» композициясын тарту етті.

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технологиялардың негізгі мақсаты женьшеньнің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару.



«Женьшень» - өмір қуатын бальзамы - (Сәйкестік декларациясы) ЕАЭС №RU Д-RU. АӘБ1. В.14213. 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды

Біздің клиенттеріміз біз туралы: Байсоева Казима 63 жаста, Ақтөбе обл., Шалқар ауданы, ст. Қотырғас


Канатбаева Рита, 53 жаста, Алматы – Мені көп жылдар бойы әлсіздік пен жүрек аурулары мазалап, өт жолдары мен бауырым ауыратын.

Мылтықбаева Ажар, 73 жаста, Түркістан обл., Түлкібас ауд., Майтөбе ауылы – Жас ұлғайғасын ба, бойымда аурулар көп.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

Бальзамды пайдалануға ұсынылым: Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысын бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректегі ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.)

«Огненный корень» кремнің бағасы – 3500 тг. Ақция 3+1, бір курсқа – 4 крем ұсынылады.



«Женьшень» бальзамы, «Саган Дали» капсуласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қараша күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ө.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Байсоева Казима 63 жаста, Ақтөбе обл., Шалқар ауданы, ст. Қотырғас – Мен «Женьшень» бальзамын іше бастағаннан 4 айдан асты. Көптен бері аяқ-қолдарым сырқырап ауыратын.

Канатбаева Рита, 53 жаста, Алматы – Мені көп жылдар бойы әлсіздік пен жүрек аурулары мазалап, өт жолдары мен бауырым ауыратын.

Мылтықбаева Ажар, 73 жаста, Түркістан обл., Түлкібас ауд., Майтөбе ауылы – Жас ұлғайғасын ба, бойымда аурулар көп.

Сейілов Ургеніш, Қызылорда облысы, Арал қаласы – Менің жасым 62-де. Көп жылдар бойы ауруым ауыратын.

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 727 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02

Бір курсқа бальзамның 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН.

«Отты тамыр» кремді буындардағы ауырсынуды, ісіну мен қабынуды жоюды, ауыртпалықпен қан айналымы мен минералды алмасуларды жақсартады.

